



# ФОЛЬКЛОР ӘЛЕМІ

ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ КИТАБЫ

Қарапайым деңгей



811.512.122 (07)  
Б-17 +  
K

Ж.Қ. Тұймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,  
Б.Г. Ашиқбаева, С.К. Омарова, А.И. Кулмаханова

**«Қазақ тілі»  
деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің  
Оқу және тіл дамыту кітабы.  
«ФОЛЬКЛОР ӘЛЕМІ»  
(қарапайым деңгейге арналған)**

Алматы  
2013

398

УДК 811.512.122+398

ББК 81.2 Каз+82

Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.

Авторлар ұжымы:

Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,  
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Құлмаханова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Оқу және тіл дамыту кітабы.  
Қ17 «Фольклор әлемі» (қарапайым деңгейге арналған). / Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева,  
У.О. Асанова және т.б. – Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2013. – 68 б.

ISBN 978-601-7514-06-8

Оқу құралында қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармаларынан (ертеңі, аңыз әңгіме, жұмбақ, жаңылтпаш, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар және т.б.) үзінділер топтастырылып берілген. Мұндай шығармаларды сабакта пайдалану тіл үйренушінің тілдің шынайы табиғатын тануына, сол арқылы білім алуына, тіл үйренушінің тілдік тұлға ретінде қалыптасуына көмек береді.



УДК 811.512.122+398  
ББК 81.2 Каз+82

ISBN 978-601-7514-06-8

© ҚР МАМ Тіл комитеті, 2013

© Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,  
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.И. Құлмаханова, 2013

## **ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ КІТАБЫНА КІРІСПЕ**

1. Оку құралын тіл үйретушінің көмегі арқылы сабакта пайдалануға болады және өз бетінше оқып-үйрену үшін де пайдасы мол.

Оку құралына халық ауыз әдебиеті шығармалары (ертегі, аңыз әңгіме, мақал-мәтілдер, жұмбактар, жаңылтпаштар, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, шешендік сөздер және т.б.) топтастырылып берілген. Бұл материалдар негізінде тіл үйренушілер қазақ халқының шынайы тыныс-тіршілігінен ақпарат алады және бұл шығармаларды өмірмен байланыстыра оқыту тіл үйренушінің *білік* пен *дағдысын* қалыптастыруға негіз болады. Оку құралына енген материалдар танымдық сұрақтарды қамтиды.

Сабакта мұндай мәтіндерді пайдалану тіл үйренушінің тілдің шынайы табиғатын тануына, сол арқылы білім алуына көмек береді. Тіл үйренушінің білімі шығармашылық қызығушылығымен қалыптасады, елтаным бағытындағы құзыреті орнығады. Жеке тұлғаның «тілдік тұлға» ретінде қалыптасуына қазақ халқының фольклорлық шығармаларын оқып-үйрену иғі әсер етеді.

2. Тіл үйренушінің өз бетінше оқытын немесе тіл үйретушінің тікелей көмегі арқылы оқытылатын ертегілердің, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлардың лингвоелтанымдық білімді терендетуде, сөздік қорды молайтуда маңызы зор. Бұл фольклорлық шығармалардың мазмұны түпнұсқалық мәтіндер болғандықтан, тіл үйренушінің танымын және тілін дамытады. Оку құралына енген қазақ халқының бай ауыз әдебиеті шығармаларының мазмұнына көркемдік жағынан талдау жасау мақсаты көзделмейді, керісінше, бұл шығармаларды оқып-үйрену арқылы тіл үйренушінің тілдік жорамал, болжам жасау міндеттерін шешу әрі тілін дамыту талаптары жүзеге асырылады. Оку құралының мақсаты – қазақ халқының бай рухани құндылықтарын шынайы реалияда (фразеологизмдер, лексика және т.б.) оқытып-үйрету, сонымен бірге тіл үйренушінің белсенді лексикалық қорын байту.

3. Фольклорлық шығармаларды оқыту әдістемесі

Оку құралына енген фольклорлық шығармалардың мәтінімен жұмыс үш кезеңнен тұрады: танысу кезеңі, мәтінді оку кезеңі және мәтіннен кейінгі кезең.

1) *Танысу кезеңінің мақсаты* – тіл үйренушінің фольклорлық шығармаларды оқып-үйренуге қызығушылығын тудыру және оған шынайы ақпараттық білім беру.

Алдымен фольклорлық шығармалардың түрлері бойынша түсінік беріледі, сонымен бірге түрлі логикалық және танымдық сұрақтар бойынша әңгіме жүргізіледі. Соナン соң тіл үйренуші фольклорлық шығармалардың мазмұнымен танысып, алған білімін ауызша сөйлеуде қолдануға тырысады.

2) *Мәтінді оку кезеңі (Оқимыз. Жазамыз)*. Бұл кезеңде мәтін тағы бір рет қайталаңып оқылады. Тіл үйренуші қын сөздердің түсіндірмесімен танысып, жазбаша тапсырмаларды орындайды.

3) *Мәтіннен кейінгі кезең (Тыңдаймыз. Сөйлейміз)*. Бұл кезеңде шығарма мазмұнындағы кейбір елтанымдық және тілдік ақпараттарды логикалық ойлау түрғысынан түсіну әрекеттері жүзеге асырылу керек. Мысалы, «Сіз қалай ойлайсыз?», «Автордың ойымен келісесіз бе?»

## БЕСІК ЖЫРЫ



Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде «Бесік жырын» айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйеғіне айналған «Бесік жырында» халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырының басты қызметі – бесік тербелісіне ынғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сініру.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сізге «бесік» сөзі таныс па?
- Сіздің салт-дәстүрінізде «Бесікке салу» дәстүрі бар ма?
- Сіз өз ана тілініздегі «Бесік жырын» білесіз бе? Егер білсеңіз, жыр қандай сөздермен басталады?

### ■ ТЫНДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

2. *Бесік жырын тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.*

Бесік жыры

Әлди, бөпем, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Астыңа *терлік* салайын,  
Үстіңе *тоқым* жабайын.  
Ауылдан кеткен апаңды  
Іздеп қайдан табайын?  
Жылама, бөпем, жылама,  
Ата-екенді қинама!  
Айыр қалпақ киіспі,  
Ақырып жауға тиіспі,  
Батыр болар ма екенсің?  
Бармақтарың майысып,  
Тұрлі ою ойысып,  
Ұста болар ма екенсің?  
Таңдайларың тақылдал,  
Сөйлегенде сөз бермей,  
*Шешен* болар ма екенсің?  
Бал қайнатып, шай ішкен,  
Қазы көртіп, жал жеген,  
Асты болар ма екенсің?  
Ұзақ жасап, көбірек

*терлік* – аттың тоқымының астына салынатын жұмсақ жабағы  
*тоқым* – аттың арқасына ер батпау үшін салынатын ер-тұрман жабдығының бірі

*шешен* – сөзге ағып тұрған, тілге жүйрік адам

Басты болар ма екенсің?  
 Әлди, бөпем, әлди-ай!  
 Қарағай найза қолға алып,  
 Жауға тиер ме екенсің?  
 Қашқан жаудың артынан  
 Түре қуар ма екенсің?  
 Жылама, балам, жылама,  
 Әлди, бөпем, ақбөпем!  
 Айналайын шырағым,  
 Көлге біткен құрагым,  
 Жағамдағы құндызыым,  
 Өуедегі жұлдызыым.  
 Әлди, балам, әлди-ай!  
 Айналайын, балам-ай,  
 Айналсын сенен анаң-ай.  
 Әлдилеп сені сүйгенде,  
 Атаңың болар көнілі жай.

**құрак** – су жиегіне  
 жайқалып өсетін  
 балғын шөп  
**құндызы** – өзен-көлде  
 тіршілік ететін терісі  
 бағалы аң

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Бесік жырының тәрбиелік маңызы қандай?
- Не себепті бесік жырында «Әлди, әлди, әлди-ай» деген өлең жолдары жиі қайталанып отырады?
- Сіздің тілінізде «Бесікке салу» салтына қатысты бесікті аластату, бесікке бөлеу, бесіктен шешіп алу, баланы сылау тіркестері қалай аталады?
- Қазақ дәстүріндегі сәбиге байланысты айтылатын еркелету мәніндегі сөздер сіздің еліңіздің дәстүрінде бар ма?

*Айналайын, шырағым, құрагым, құндызыым, жұлдызыым .....*

4. *Бесік жырын қайта оқып, әуенімен айтып көріңіздер.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

5. «Бесік жыры» мәтінін қайталап оқып, төменде берілген сұраулы сөйлемге сәйкес қойылатын сұрақты анықтаңыздар.

*Kім| не?*

A) ..... болар ма екенсің?

*Кандай| қай?*

Ә) ..... болар ма екенсің?

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөз тіркесін қойып жазыңыздар.

Әлди,.....,

Ақ бесікке жат, бөпем.

Астыңа терлік салайын,

Үстіне тоқым жабайын.

1) бөпешім, бөпе

2) бөпем, ақ бөпем

3) ақ бөпем, бөпешім

4) бал бөпем, ақ бөпем

2. Сәйкестендіріңіздер.

1) бесік                  а) салу

2) бесікке                ә) бөлеу

3) бесік                  б) жыры

4) бесікке                в) тәрбиесі

3. Асты сыйылған сөздің синонимін көрсетіңіздер.

Айналайын, шырағым.

1) қарағым, құлыным

2) бөпем, бөпешім

3) жарқыным, жұлдызым

4) балам, ботам

## «ТҰСАУ КЕСУ» ЖЫРЫ

Тұсай кесу – бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Әдетте баланың туғанына 12-14 ай толғанда жасалады. Тұсай кесуші баланың аяғына ала жіппен тұсай салып, «Тұсай кесу» жырын өлеңдетіп айта отырып, баланың аяғындағы тұсауды қияды да, баланы 3-4 қадам аттатады.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сізге «тұсай» сөзі таныс па?
- Сіздің салт-дәстүрінізде «Тұсай кесу» дәстүрі бар ма?
- Сіздің ана тілінізде «Тұсай кесу» жыры бар ма?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

## «ТҰСАУ КЕСУ» ЖЫРЫ

2. «Тұсай кесу» жырын тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,

Қадам бассаң, мәз болам.

Күрмеуіңді шешейін,

Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,

Тақымыңды жаз, балам.

Қадамыңа қарайық,

Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,

Балтырыңды түре ғой.

Тай-құлын боп шаба ғой,

Озып, бәйге ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,

Құтты болсын қадамың!

Әмірге аяқ баса бер,

Асуладардан аса бер!

Жүгіре қойшы, құлыным,

Желбіресін тұлымың,

Елгезек бол, ерінбе,

Ілгері бас, шегінбе!



**қадам** – адым  
**күрмеу** – арқан, жіп байлау тәсілі

**тақым** – тізенің астыңғы, ішкі жағы

**тұлым** – жас бала-лардың шекесіне, шүйдесіне қойылатын ойма шаш, тұлымшақ  
**елгезек** – пысық, ши-рақ, тыңдырымды

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- «Тұсай кесу» жырының басты қызметі қандай?
- Тұсай кесу жырының «Қаз-қаз, балам, қаз балам» деп басталуының себебі неде деп ойлайсыз?

4. «*Tұсай кесу*» жырын айтып үйреніңіздер.

## ■ ЖАЗАМЫЗ

«*Tұсай кесу*» жырын қайта оқыңыздар. Ондағы батал-тілек сөздерді теріп жазыңыздар.

---

---

---

---

---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. *Қажетті сөздер мен сөз тіркесін қойып жазыңыздар.*

Қаз-қаз, .....  
Қадам бассаң, мәз болам.  
Күрмеуінді шешейін,  
Тұсауынды кесейін.  
....., қаз балам,  
Тақымынды жаз, балам.

1) қаз баса ғой

2) қаз балам

3) қаз-қаз жүре ғой

4) қаз-қаз, балам

2. *Сәйкестендіріңіздер.*

1) тұсай                    a) ат қою

2) балаға                    ə) кесу

3) бесіктен                б) шығару

4) қырқынан                в) шешіп алу

3. *«Қаз тұру» сөзінің мағынасын табыңыздар.*

1) Сәбидің алғаш рет жүруі

2) Сәбидің алғаш аяғынан тұруы

3) Сәбидің алғаш рет құлуі

4) Сәбидің алғаш рет отыруы



## БЕТАШАР

Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Шымылдық ішінде отырған келіннің басына орамал жауып, той етіп жатқан үйдің ең жақын, ұлгілі келіндері екі жағынан қолтықтап алып шығады. Орамалдың теңге түйілген ұшын домбыраның мойнына не таяқтың ұшына байладап, жырау *беташар* жырын бастайды.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

#### 1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

• Үйлену тойында айтылатын *тойбастар*, *жар-жар*, *беташар* жырларын естідіңіздер ме?

- «Беташар» деген сөзді қалай түсінесіз?
- Сіздің дәстүріңізде бұл салт бар ма?
- Сіздің еліңіздегі үйлену тойында мұндай жырлар айтыла ма?

Егер айтылса, қалай аталады?

### ■ ТЫНДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

#### 2. *Өлеңді тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.*

Келін келді, есік аш,  
Енесі қайда, шашу шаш!  
Улкенің бар, кішің бар,  
Бұл келіннің бетін аш!  
Үй ішінде, жамағат,  
Барлығыңа бір сәлем!  
Келін сыйлар атасын,  
Атасы берер батасын.  
*Ибалы* келін атарсыз,  
Иіліп сәлем қатарсыз.  
Сыйла көпті, шырағым,  
Басыңа болсын тұрағың.  
Ақылым айтқан, жас бала,  
Сізден осы сұрарым.  
Үй ішінде, *жамағат*,  
Атасына бір сәлем!  
Келін сыйлар енесін,  
Енесі байғұс не десін?  
Әуелі алған қүйеуің  
Ақылмен айтар кеңесін.  
Сыйла, келін, ананы,  
Улken-кіші баланы.

*ене* – ерлі-зайыптылардың шешелерін білдіретін туысқандық атаяу

*ибалы* – әдепті, ізетті, сыпайы

*жамағат* – жиналған топ, халық, жүрт

Жинақы бол шаруана,  
Ұқсама сулы жабағы.  
Үй ішінде, жамағат,  
Енесіне бір сәлем!  
Келін сыйлар ағасын,  
*Тұлқi ішіктің* жағасын.  
Алдыңда ағаң отырса,  
Аузыңды мықтап жабарсың.  
Келін сыйлар женгелер,  
Сылдыраған тенгелер.  
Аразы болса абысын,  
Араласпай *селтеңдер*.  
Тату болса абысын,  
Шай ішелік, бері келіндер.  
Келін сыйлар қайнысын,  
Қайнысы мұнда бармысың?  
*Аиңы тілің* тимесе,  
Қайнысы қайдан айырсын?  
Қайнысын келін шақырапар,  
Сары майлап шайын сапырапар.  
Үй ішінде, жамағат,  
Барлығыңа бір сәлем!

*тұлқi ішік* – тұлқi  
терісінен тігілген,  
сырты матамен тыс-  
талған қазақтың ұлт-  
тық киімі

*селтеңдеу* – ұшып-қо-  
нып, секектеп бос  
жүру

*аиңы тіл* – қыршанқы,  
улы тілді

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Беташар жырында не жайлы айтылады?
- Беташар жырының тәрбиелік маңызы қандай?
- Не себепті жаңа түскен келінге «Беташар жыры» айтылады?

4. *Беташар жырын әуенімен айтып үйреніңіздер.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

5. *Беташар жырының мазмұнын жазыңыздар.*

---

---

---

---

---

---

---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.

Келін сыйлар .....,  
Атасы берер батасын.

\*\*\*

Келін сыйлар.....,  
Енесі байғұс не десін?

\*\*\*

Келін сыйлар.....,  
Тұлқі ішіктің жағасын.  
Келін сыйлар.....,  
Сылдыраған теңгелер.

\*\*\*

Келін сыйлар.....,  
Қайнұсы мұнда бармысың?

- 1) қайнұсын
- 2) атасын
- 3) жеңгесін
- 4) енесін

2. Сәйкестендіріңіздер.

- |          |        |
|----------|--------|
| 1) шашу  | a) аш  |
| 2) бата  | ә) сал |
| 3) бетін | б) шаш |
| 4) сәлем | в) бер |

3. «Беташар» сөзінің мағынасын табыңыздар.

- 1) дәстүр бойынша жігітке айтылатын жыр
- 2) дәстүр бойынша қызға айттылатын жыр
- 3) дәстүр бойынша жаңа түскен келінге айттылатын жыр
- 4) дәстүр бойынша үлкендер айтатын жыр



## ЖҰМБАҚТАР. ЖАҢЫЛТПАШТАР

Жұмбактар мен жаңылтпаштар – халық шығармаларының ең көне түрлері.

Жұмбактар мазмұнына қарай мынадай тақырыптарға бөлінеді: аспан, жер, уақыт, хайуан, адам, т.б. Жаңылтпаш ұйқасып келеді, оны тез әрі жаңылмай айту қажет.

*1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сіздер жұмбақ білесіздер ме?
- Жаңылтпаш айту ұнай ма? Неліктен?
- Қандай жаңылтпаш білесіздер?

### ■ ОҚИМЫЗ

*2. Жұмбақты мәнерлеп оқыңыздар.*

*Сырт-сырт согады, уақыт озады.*



### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ


*3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сағат қалай согады?
- «Сырт-сырт» дегенді басқа сөзben ауыстыруға бола ма?
- «Уақыт озады» дегенді қалай түсінесіздер?
- Сағат пен уақыттың қандай байланысы бар?
- Жұмбақты қалай өзгертер едіңіздер?

### ■ ОҚИМЫЗ

*4. Жұмбақты мәнерlep оқыңыздар.*

*Кұлағы мен көзі жоқ,  
Жоқ тіпті қол мен аяғы.  
Бірақ гажсан өнерпаз,  
Мәнерлеп ою ояды.*



### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ





##### 5. Сұрақтарға жауап беріңіздер

- Суреттерден не көріп тұрсыздар?
- Қыраудың құлағы мен көзі, қолы мен аяғы бола ма?
- Қырауды неге «өнерпаз» дейді?
- Сіздер осындай ою сала аласыздар ма?
- «Ою ояды»дегенді басқа сөзben ауыстыруға бола ма?
- Қырау мен оюдың қандай байланысы бар?
- Жұмбақты қалай өзгертер едініздер?

#### ■ ОҚИМЫЗ

##### 6. Жұмбақты мәнерлеп оқыңыздар.

Тілі бар, үні жоқ,  
Өзін адам түсінген.  
Жүрегі бар да, қаны жоқ,  
Сөйлеп тұрған ішінен.



**тіл** – 1) адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын құралы;  
2) айтпақ ойды білдіретін сез  
**үн** – дыбыс, әуен, саз

#### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

##### 7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Кітаптың тілі бар, үні жоқ» дегенді қалай түсінесіздер? Неге бұлай айтқан?
- «Кітаптың жүрегі бар» дегенді қалай түсінесіздер?
- Кітапта жүрек бола ма?
- Неліктен кітаптың «қаны жоқ» дейді?
- Кітап ішінен сөйлей ме? Қалай?
- Жұмбақты қалай өзгертер едініздер?

#### ■ ОҚИМЫЗ

##### 8. Жұмбақты мәнерлеп оқыңыздар.

Үй үстінде алтын тас,  
Алайын десем, табылmas.



**үсті** – белгілі бір нәрсенің жоғарғы жағы, үстіндегі беті

#### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

##### 9. Сұрақтарға жауап беріңіздер.


- Неге жұлдызды «алтын тас» дейді?
- Сіздер жұлдызды не дер едініздер?

- «Алайын десем, табылмас» дегенді қалай түснесіздер?
- Жұмбақты қалай өзгертер едініздер?

## ■ ОҚИМЫЗ

*10. Жұмбақты мәнерлеп оқыңыздар.*

Бұдан *кір* қорқады,  
Судан бұл қорқады.



## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*11. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Неге кір сабыннан, сабын судан қорқады?
- Сендер неден қорқасыздар?
- Жұмбақты қалай өзгертер едініздер?

*12. Бірнеше топтарға бөлініп, төмендегі тақырыптар бойынша сұхбат құрыңыздар.*

1. Тіл үйренуші мен сағат
2. Тіл үйренуші мен қырау
3. Тіл үйренуші мен кітап
4. Тіл үйренуші мен жұлдыз
5. Тіл үйренуші мен сабын

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*13. Топ болып, бір-біріңізге жұмбақ жасырыңыздар.*

Сөздер	Сағат	Қырау	Кітап	Жұлдыз	Сабын
құлағы мен көзі тілі мен көзі жүргегі мен қаны қолы мен аяғы өнерпаз сырт-сырт ою ішінен сөйлеу алтын тас кір су					

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қажетті кестеге қойып жазыңыздар.

Кестеде көрсетілген тақырыптар бойынша жұмбақ жазыңыздар.

---

---

---

---

---

## ■ СӨЗДІК

<i>жұмбақ</i>	— загадка
<i>жаңылтпаш</i>	— скороговорка
<i>көне</i>	— древний; старый
<i>ұйқасу</i>	— рифмоваться; бытьозвучным
<i>сырт-сырт</i>	— тик-так, тикать
<i>сөгу</i>	— бить
<i>озу</i>	— опережать, обгонять
<i>гажсан</i>	— удивительно; чудесно
<i>өнерпаз</i>	— умелец, искусствник
<i>мәнерлеу</i>	— украшать узорами; приукрашивать
<i>ою ою</i>	— делать орнамент, рисовать узор
<i>үн</i>	— голос, звук
<i>устінде</i>	— на верху чего-либо
<i>кір</i>	— грязь, грязный
<i>қорқу</i>	— бояться

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. *Қажетті сөздерді қойып жазыңыздар.*

..... соғады, уақыт озады.

- 1) тарс-тарс
- 2) жарқ-жұрқ
- 3) жылт-жылт
- 4) сырт-сырт

2. *Қажетті тіркесті қойып жазыңыздар.*

.....,

Жоқ тіпті қол мен аяғы.

Бірақ ғажап өнерпаз,

Мәнерлеп ою ояды.

- 1) Құлағы мен көзі жоқ
- 2) Тілі бар, үні жоқ
- 3) Жүрегі бар да, қаны жоқ
- 4) Алайын десем, табылmas

*3. Асты сызылған сөздің синонимін табыңыздар.*

Бұдан кір **корқады**,

Судан бұл қорқады.

- 1) түсінеді
- 2) күледі
- 3) шошиды
- 4) табылады

## ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

*14. Жаңылтпашты тыңдаңыздар. Тез оқыңыздар.*

Анау арал қай арал?

Қайыңды арал, талды арал,

Ішінде бұзаулы ала марал.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*15. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Арап дегенді қалай түсінесіздер?
- Арапда не өседі?
- Арапда жан-жануарлар бола ма? Жаңылтпаштан «Арап» деген сөзге үйқасатын сөзді табыңыздар.
- Жаңылтпаш қай әріпті дұрыс айтуға үйретеді?
- Үйқасты жалғастырыңыздар.

— арап  
— марал  
— самал  
— \_\_\_\_\_  
— \_\_\_\_\_

## ■ ОҚИМЫЗ

*16. Жаңылтпашты мұдірмей, тез оқыңыздар.*

Мынау балқаймақ қай балқаймақ?

Бұл балқаймақ – май балқаймақ.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*17. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Балқаймақты жеп көрдіңіз бе?
- Ол неден жасалады?
- Сіздерге қандай тағамдар ұнайды?
- Жаңылтпаштағы үйқасты табыңыздар.
-

- Жаңылтпаш қай әріпті дұрыс айтуға үйретеді?

Ұйқасты жалғастырыңыздар:

– қаймақ

– тайлак

– \_\_\_\_\_

– \_\_\_\_\_


## ■ ОҚИМЫЗ

*18. Жаңылтпашты мудірмей, тез оқыңыздар.*

Қабат-қабат үй салдық,

Үйлер тола күйсандық.

Күйсандықтан үй салдық,  
Күйсандыққа күй салдық.



**күйсандық** – күй ойнайтын аспап, пианино

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*19. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жаңылтпаштан суретке сәйкес келетін сөздерді табыңыздар.
- Жаңылтпаштағы ұйқасты табыңыздар.
- Жаңылтпаштағы қандай әріптерді дұрыс айтуға үйретеді?

Ұйқасты жалғастырыңыздар:

– үй

– күй

– сүй

– \_\_\_\_\_

– \_\_\_\_\_

*20. Жоғарыда берілген жаңылтпаштарды тез айтып үйреніңіздер.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*21. Бірнеше топқа бөлініп, «K», «F», «Y», «Y» әріптеріне жаңылтпаш жазыңыздар.*

---



---



---



---



---



---



---

## ■ СӨЗДІК

<i>гажап</i>	– удивительный, чудесный
<i>жаңылтпаш</i>	– скороговорка
<i>жаңылу</i>	– допущение ошибки, заблуждение
<i>жұмбак</i>	– загадка
<i>кір</i>	– грязь, грязный, запачканный
<i>мәнерлеу</i>	– выразительно
<i>ою</i>	– орнамент
<i>өнерпаз</i>	– искусный, умелый
<i>үйқас</i>	– складный, созвучный
<i>үшкырлық</i>	– быстрота, стремительность
<i>үн</i>	– голос, звук
<i>сырт-сырт</i>	– повторяющийся стук
<i>сөгу</i>	– бить, ударить
<i>танағу</i>	– быть опознанным, известным
<i>тас</i>	– камень

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. *Жаңылтпашта қай сөйлем түсіріліп жазылған?*

Қабат-қабат үй салдық,

Үйлер тола күйсандық.

.....,

Күйсандыққа күй салдық.

- 1) Күйсандыққа күй салдық
- 2) Күйсандықтан би салдық
- 3) Көп қабатты үй салдық
- 4) Күйсандықтан үй салдық

2. *Жаңылтпаш бойыниа сәйкестендіріңіздер.*

- |                  |                  |
|------------------|------------------|
| 1) талды         | a) күй салдық    |
| 2) қай балқаймақ | ә) май балқаймақ |
| 3) күйсандыққа   | б) арал          |

3. «*Ою ояды*» фразеологизмінің мағынасын көрсетіңіздер:

- 1) әдемі киім тігеді
- 2) әдемі сөз сөйлейді
- 3) жақсы ой айтады
- 4) әдемі өрнек жасайды

## «САУЫСҚАН МЕН КӨКЕК» ЕРТЕГІСІ

Ертегілерде хайуанаттардың, жан-жануарлардың өмірін суреттеу арқылы адамдардың бір-біріне қарым-қатынасын, олардың әрекеті мен мінез-құлышы ерекшеліктерін көрсетеді.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

#### 1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сауысқан, көкек деген құстарды білесіз бе? Сізге қай құс ұнайды?
- «Сауысқан мен көкек» ертегісі не туралы деп ойлайсыздар?
- «Еңбек етсең, емерсің» мақалын қалай түсінесіздер? Ойла-рыңызben бөлісіңіздер.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

#### 2. *Ертегіні тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.*

### Сауысқан мен көкек

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын *паналап* күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «Ұя керек, ұя керек», – деп, көршілерінің *мазасын кетіреді*. Бір күні сауысқан көршісіне: – Екеуміз бірігіп берік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, – дейді. Көкек:

– Менің ұя салатын қуатым да, қауқарым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, – деп келіспейді. Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен мықтап байланыстырды. Іші-тысын саз балшықтармен сылады. Кішкене бұтақтардан құрастырып, шағын қақпалы есік жасады. Ұяның астына *мамықтан* төсек жасады. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай-қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р»-ды айта алмай, «керек» деудің орнына «келек, келек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүтінге дейін өзіміздікі деген ұясы да, үй іші де жоқ. Жұмыртқасын кез келген ұяға табады, оны басқа құстар басып, балапан шығарады. *Шібилер* жетім өседі.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

#### 3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Ертегіні оқып, сауысқан мен көкектің іс-әрекетіне сипаттама беріңіздер.

*паналау* – тығылу, бас сауғалау

*мазасы кетті* – тынышы кетті, шырқы бұзылды

*қауқар* – әл, күш, қуат

*мамық* – құстың жүні

*шіби* – кішкене бала-пан

- Сауысқан мен көкектің сұхбатын оқып, көкектің іс-әрекетіне қатысты өз ойларыңызды білдіріңіздер. Қазіргі заманмен байланыстырыңыздар.

*4. Ертегіні оқып, сауысқан мен көкектің рөлінде ойнаңыздар.*

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*Мәтін алды кезеңінде берілген мақалды қатыстыра отырып, еңбектің пайдасы туралы шағын ертегі ойлап жазыңыздар.*

---



---



---



---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

*1. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

... Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ак, \_\_\_\_\_ салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын \_\_\_\_\_ мықтап байланыстырды. Іші-тысын \_\_\_\_\_ сылады. Кішкене бұтақтардан құрастырып, шағын \_\_\_\_\_ жасады.

- |                     |                    |
|---------------------|--------------------|
| 1) үй               | 1) жас ағашпен үй  |
| 2) ұя               | 2) жас бұтақтармен |
| 3) үйшік            | 3) жас талмен      |
| 4) баспана          | 4) жас бұтамен     |
| 1) саз топырақпен   | 1) ағаш есік       |
| 2) саз құммен       | 2) қақпалы есік    |
| 3) саз балшықтармен | 3) жабық есік      |
| 4) саз шыммен       | 4) ашық есік       |

*2. Сәйкестендіріңіздер.*

- |                     |                |
|---------------------|----------------|
| 1) мамықтан         | a) сылау       |
| 2) қақпалы          | ә) байлау      |
| 3) саз балшықтармен | б) төсек жасау |
| 4) қабырғаларын     | в) есік қою    |

*3. «Ұя салу» тіркесінің мағынасын табыңыздар.*

- құстардың қонысы
- құстардың өскен жері, орны
- құстардың мекені
- құстардың жұмыртқа салып, балапан басып шығаратын орны

## ҰР, ТОҚПАҚ!

Қазақтың «Қаңбақ шал», «Тазша бала», «Жақсылық пен жамандық», «Ұр, тоқпақ!» ертегілері – тұрмыс-салт ертегілеріне жатады. «Ұр, тоқпақ!» ертегісінде қазақ халқы өмірінің неше алуан қырсыры, дүниетаным ерекшеліктері суреттеледі.

### 1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ертегі оқығанды жақсы көресіздер ме? Неліктен?
- Қазақтың қандай ертегілерін оқыдыныздар?
- «Ұр, тоқпақ!» деген тақырыпқа назар аударыныздар.
- Сіз қалай ойлайсыз? Ертегі мазмұны не туралы болуы мүмкін?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

### 2. Ертегінің берілген бөлігін тыңдаңыздар.

*Мәнерлеп оқыңыздар.*

### Ұр, тоқпақ!

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты.

Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға:

– Сен мені босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, – депті.

Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал:

– Қой, сен түк білмейсің! – деп, сөзін тыңдамай, жүре береді.

### СӨЙЛЕЙМІЗ

### 3. Берілген қолданыстарды оқып шығыңыздар.

*Оларды төмендегі мәтіннің құрылымы бойыниша ретімен орналастырыңыздар.*

Тыңдамай жүре берді; қазды босатып қоя берді; шалға ұрсады; бір жылдан кейін ал; бауыздайын десе; тұзағын келіп қараса; тұзақ құрып күнін көреді; бұрынғы өткен заманда.

### 4. Жоспар бойыниша мәтіннің мазмұнын әңгімеленіздер.

1. Бұрынғы замандағы шал мен кемпір
2. Тұзакқа қаздың түсуі
3. Қаздың шалға айтқаны

**заман** – дәүір, кезең, уақыт, мезгіл

**тұзақ** – есіп, ілмектеліп жасалған аңшы құралы

**күнін көру** – өмір сұру, тіршілік ету

4. Шалдың келісуі
5. Кемпірдің шалға ұрсызы
6. Шалдың айтқаны

## ■ ОҚИМЫЗ

*4. Ертегінің берілген бөлігін мәнерлеп оқыңыздар.*  
Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре, бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп, түйешіден:

- Бұл кімнің түйесі? – десе:
- Бұл Қазбайдың түйесі, – дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен», – деп шал ойланып тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

- Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды.

Қойши:

- Бұл Қазбайдың қойы, – дейді.

Шал жаңағы қойши баладан:

- Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? – дейді. Бала шалға:
- Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар.

Біреуі: «Піс, қазаным, піс!» – десе, әртүрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім, құс!» – десе, есегі алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр тоқпағым, ұр!» – десе, адамдарды ұра береді, – дейді.

- Макұл, – деп шал жүріп кетеді.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*5. Берілген қолданыстарды оқып шығыңыздар. Оларды мәтінің құрылымы бойынша ретімен орналастырыңыздар.*

Қазға бармақшы болады; өңкей түйе жайылып жүр; адамдарды ұра береді, бұл кімнің қойы; алтын құсады; бұдан басқа иесі бар; әртүрлі тамақ иісі шығады; үш жақсы нәрсесі бар.

*6. Мәтіннің екінші бөлігіне тақырып қойыңыздар.*

*7. Жоспар бойынша мәтін мазмұнын әңгімеленіздер.*

1. Бір жылдан соң
2. Қазбайдың түйелері
3. Қазбайдың қойлары
4. Қазбайдың үш жақсы нәрсесі

## ■ ОҚИМЫЗ

*8. Ертегінің берілген бөлігін мәнерлеп оқыңыздар.*

Шал Қазбайдың ауылына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді.

Шал үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

– Ата, *асқа тұс!* – дейді.

Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:

– Шырақтарым! «Піс, қазаным, піс!» демендер, – дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар тыңдастын ба: «Піс, қазаным, піс!» – деп, шулап қоя береді. Сүйдегендегі, әртүрлі тамақ пісіп, *даяр* болады. Балалар қазанды *айырбастап*, алып қалады. Шал қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным, піс!» – десе, ешнэрсе піспейді. Шал қазанды алыш, Қазбайдың үйіне қайта келеді.

Қазбайға:

– Бұдан ешнэрсе шықпады, – дейді.

Қазбай қазанды алыш:

– «Піс, қазаным, піс!» – десе, еш нэрсе шықпайды.

*ас* – тағам

*даяр* – дайын

*айырбастау* – ауыстырыу, өзгерту

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

9. *Берілген қолданыстарды оқып шығыңыздар. Оларды мәтіннің құрылымы бойынша ретімен орналастырыңыздар.*

Қазбай қазанды алыш, «Піс, қазанын» сұрайды; Қазбайдың ауылына келді; үйіне келе жатса; асқа тұс; одан ешнэрсе шықпады; ешнэрсе піспейді.

10. *Мәтіннің үшінші бөлігіне тақырып қойыңыздар.*

11. *Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын әңгімеленіздер.*

1. Шалдың Қазбай ауылына келуі.
2. «Піс, қазанды» сұрап алуы
3. Жолда кездескен балалардың іс-әрекеті
4. Шал өтінішінің іске аспауы
5. Қазбайға қазанды қайтып беруі

## ■ ОҚИМЫЗ

12. *Ертегінің төменде берілген бөлігін мәнерлеп оқыңыздар.*

Қазбай қазанның орнына шалға есекті беріп жібереді.

Шал есекті алыш үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

– Ата, асқа тұсіңіз! – дейді.

Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып, балаларға:

– Шырақтарым! «Құс, есегім, құс!» демендер, – дейді.

Балалар:

– Макұл! – дейді.

*Шырақтарым!* – еркелете айтыла-тын сөз

Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ, балалар: «Құс, есегім, құс» – десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастып, орнына басқа есек қояды.

Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:

– Қаздан барып алып келгенің осы ма? – дейді.

Шал есекке: «Құс, есегім, құс!» – десе, есек еш нәрсе құспайды. Қазбай қазанның орнына шалға есекті беріп жібереді. ... Қазбай есекті алып:

«Құс, есегім, құс!» десе еш нәрсе құспайды.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*13. Берілген құрылымдарды оқып шығыңыздар. Оларды мәтіннің мазмұны бойынша ретімен орналастырыңыздар.*

Қазанның орнына, есекті беріп жіберді; асты тастағысы келмей; шырақтарым; есекті Қазбайға қайта әкеледі; жолда келе жатса; еш нәрсе құспайды, мақұл, алтын құспайды; есек; алып келгенің осы ма; есекті айырбастап қояды, есекті үйіне алып кетеді

*14. Мәтіннің бөлігіне тақырып қойыңыздар.*

*15. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын әңгімеленіздер.*

1. Қазбайдың есекті беруі.
2. Балалардың есекті айырбастап қоюы.
3. Шалдың есекті үйге әкелуі.
4. Есекті Қазбайға қайтаруы.

## ■ ОҚИМЫЗ

*16. Ертегінің төменде берілген бөлігін мәнерлеп оқыңыздар.*

Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен. Балалар шалға:

– Ата, асқа тұс! – дейді.

Шал үйге кіріп бара жатып:

– Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер, – дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!» дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр...

Балалар тоқпаққа жалынады: Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегінді, берейік!» – дейді.

Шал келе жатып, естіп қояды. Шал келіп:

– «Піс қазанды», «Құс қазанды» бересіңдер ме? – дейді.

Балалар:

– Мақұл! Әкеліп береміз! – дейді. Шал «Ұр тоқпақты» қойғызады.

Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

17. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін оқып шығыңыздар. Оларды мәтін мазмұны бойынша ретімен орналастырыңыздар.

«Ұр, тоқпағын» береді; бересіндер ме; асқа тұс; берейік; алып; үйіне келеді; дәндеген балалар; мұратына жетеді; тағы да; балалар жүр; шырақтарым; ұрып жүр; естіп қояды.

18. Осы бөлікке тақырып қойыңыздар.

19. Жоспар бойынша бөліктің мазмұнын әңгімеленіздер.

- Қазбайдың «Ұр, тоқпақты» беруі
- Балалардың «Ұр, тоқпаққа» жалынуы
- Шалдың мұратына жетуі

20. Ертегіні тұтас оқып шығыңыздар. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Ертегі неліктен «Ұр, тоқпақ!» деп аталған?
2. «Ұр, тоқпақ» шалдың мұратына жетуіне қалай көмектесті?

21. Төменде берілген тақырыпшалардың біреуіне сурет салыңыздар. Сурет бойынша ертегіні мазмұндаңыздар.

1. Шал мен кемпір
2. Қаздың тұзакқа тұсуі
3. Қазбайдың шалға «Піс қазанды» беруі
4. Қазбайдың шалға «Құс есекті» беруі
5. Қазбайдың шалға «Ұр тоқпақты» беруі

## ■ ЖАЗАМЫЗ

22. Берілген сөз тіркестерін кестедегі тақырыптар бойынша жазыңыздар.

Ұрып жүр; есекті берді; қазанды берді; мұратына жетті; қазанды айырбастады; есекті айырбастады; ұр тоқпақты берді; үш нәрсені де алды.

Шал мен қаздың кездесуі	Қазбайдың байлығы	«Піс қазан»	«Құс есек»	«Ұр тоқпақ»
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына сөз тіркесінің қажеттісін көрсетіңіздер.

Шал қазды тұзақтан босатып алғып, бауыздайын десе, қаз ... .... .

- 1) шалмен амандасыпты
- 2) шалдан сұрапты
- 3) шалға айтыпты
- 4) шалға қарапты

2. Түсіріліп берілген сөйлемді табыңыздар.

«Балалар шалға: – Ата, асқа түс! – дейді.

Шал үйге кіріп бара жатып:

– Шырақтарым! ..., – дейді».

- 1) «Піс, қазаным, піс!» демендер
- 2) Қазан еш нәрсе пісірмейді
- 3) Ұрып жүр, ұрып жүр
- 4) Балалар тоқпаққа жалынады

3. Шалды байлыққа жеткізген қай зат?

- 1) «Піс қазан»
- 2) «Құс есек»
- 3) «Ұр тоқпақ»
- 4) «Асық» ойыны

## МИФТИК ӘҢГІМЕЛЕР

Миф – көне аңыз, әңгіме; тарихи-мәдени сананың ерекше күйі. Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік (символдық) мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді. Мұнда поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибеленің ерекше бірлігі орын алды.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

#### 1. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Аспан денелерін қазақша атай аласыздар ма?
- Суретті қараңыздар. Суретші Ай мен Күнді қалай суреттеген?
- Көркем шығармаларда Ай мұнды, қайғылы кейіпте, ал Күн шұғылалы, нұрлы кейіпте беріледі. Себебі неде деп ойлайсыздар?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

#### 2. *Әңгімені тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.*


## АЙ МЕН КҮН

Жер жаһанды жаратқан ай мен күн – бір-біріне қосыла алмаған ғашық-машықтар, ай – ару, күн – күйеу екен. Жер мен көк жаралып қараңғы мен жарық, күндіз бен тұн айрыларда алдымен күн туып, күндізді *иемденіпти* де, артынан ай туып, тұнге қалыпты.

Күндіз бен тұн бірін-бірі *қуалап* көше береді, олардың өмір бойы өріс-қонысы айқаспайды. Соның үшін бұл екі ғашық бір-біріне ынтық болып, қанша іздесе де кездесе алмайды. Бірақ бұлар әсте үміт үзбейді. Жарық жүздерінен *шұғыла шашып* құлімдейді.

Кейде қатты қайғырып, қабағынан қар жауады. Күннің көзін, айдың жүзін қаптаған қара бұлт – олардың қайғы-мұнды, жауған жаңбыр – олардың сағынышынан саулаған көз жасы.

Ғашықтықтың *сүйініш-күйініші*, әсіресе ай аруға қатты батады. Ол ай сайын үмітпен толып, қайғымен солып отырады. Күн көксеген күдермен күн санап көркейген ай ару он бесінде толықсып, шығыстан шықса, батқан күннің сөніп бара жатқан шапағын көреді. Ал ертеңіне таң ата кеше кеште ай шыққан жерге күн күйеу келеді. Бірақ айдың ауылы әлдеқашан алысқа көшкен. Сөйтіп, арман мен сағыныш, үміт пен өкініш, күндіз бен тұн құйрық тістесіп, айнала береді, айнала береді... Соныменен сарғайған ай ару қар-



*иемдену* – өзінің меншігі ретінде рәсімдеп алу

*қуалап* – бір нәрсенің артынан тездетіп жедел жету, ізіне тұсу  
*шұғыла шашу* – нұрын шашу, сәуле төгу

*сүйініш* – бір нәрсе жайында марқайып куанған нәзік сезім, ризалық

*күйініш* – қайғы-қасырет, мұн-шер

мақтай иіледі. Тіпті, оның жарқын жүзіне әжім жолағы да түскен. ... Қызды әуелі Күн алған екен дейді. Сонда Ай оған жалынып: «Сен аспанда күндіз жарықта жүресің. Ал мен тұнде жалғызыбын, кейде қорқамын. Осы қызды маған қиши», – деп сұраған екен дейді. Ақырында мейірімді Күн қызды Айға беріпті. Ол қызды аспанға алып кеткен екен дейді.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Мәтін мазмұнын түсіндіңіздер ме? Не жөнінде айтылған?
- а) Ай мен Күн бір-біріне қосыла алмаған ғашықтар туралы ма?
- ә) Табиғат тамашасы туралы ма?
- б) Күн мен Айдың арманы мен сағынышы, үміті мен өкініші жөніндегі әңгіме ме?
- Төменде берілген сөздердің мағынасын бір-бірінізге түсін-діріп көріңіздер:

### Күн мен Ай

- үміт ↔ жарқын жүзді, күлімдеу
- өкініш ↔ қайғысы, көз жасы
- арман ↔ ғашығына жету, ойы орындалуы
- сағыныш ↔ бір-бірін іздеу, көргісі келу

## ■ ЖАЗАМЫЗ

*Көп нүктелердің орнына қажетті сұрақтарды қойыңыздар. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.*

### *Неге? Не үшін?*

- ... күндіз бен тұн бір-бірін қуалап көше береді?
- ... олардың өріс-қонысы айқаспайды?
- ... ай ару қармақтай иіледі?
- ... оның жарқын жүзіне әжім жолағы түскен?

---

---

---

---

---

---

---

---

---

*Сөздердің синонимдік қатарын жазыңыздар.*

- сүйіну, ..... , .....
- өкіну, ..... , .....
- үміт, ..... , .....
- арман, ..... , .....

## ■ ΘЗІНДІ ТЕКСЕР!

*1. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

Күндіз бен тұн бірін-бірі қуалап көше береді, олардың өмір бойы \_\_\_\_\_ айқаспайды. Соның үшін бұл екі ғашық бір-біріне ынтық болып, қанша іздене де \_\_\_\_\_.

- |                |                          |
|----------------|--------------------------|
| 1) көші-қоңы   | 1) кездесуге үмітті      |
| 2) ынтық-зары  | 2) кездесе алмайды       |
| 3) өріс-қонысы | 3) кездескісі келеді     |
| 4) қайғы-мұңы  | 4) кездесуге уәде береді |

*2. Сәйкестендіріңіздер.*

- |            |            |
|------------|------------|
| 1) сүйініш | a) мұң     |
| 2) ынтық   | ә) зар     |
| 3) қайғы   | б) күйініш |
| 4) ғашық   | в) машиқ   |

*3. «Миф» сөзінің мағынасын табыңыздар.*

- 1) ойдан шығарылған қиял ертегі
- 2) жалған әңгіме
- 3) батырлар туралы ертегі-аңыз
- 4) қиял-аңыз нысаны

## МИФТИК ЭҢГІМЕЛЕР

Миф – ежелгі дүниенің шығуы, табиғат құбылыстары, батырлар туралы ертегі-аңыз. Адам баласының табиғат күштерімен құресін көрсететін әңгіме-ертегілерді миф деп атайды екен.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

#### 1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Суреттерді қараңыздар. Сурет бойынша жыл аттарын айтып шығыңыздар.



**мүшел** – ескіше жыл қайтару есебі бойынша, адам жасының әрбір 12 жылдан кейінгі мөлшер-шамасы: 13, 25, 37, 49 т.б.

### ■ ТЫНДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

#### 2. Әңгімені тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.

## ЖЫЛ БАСЫ

Қазактың есептерінде жылдан үлкен **мүшел** дегендер бар. Мүшел – он екі жыл болады. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұқсайды. Мысалы, әуелі жыл мүшелде – тышқан, екінші – сиыр, онан соң – барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит һәм доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туылғанын айтса, адамның жасын тауып бере алады. Бұрынғыдан қалған сөздер бойынша сол хайуандар жыл ағасы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтты: «Мен адам үстіме мінсе, алысын жақын етемін, менің күшім болса көреді, сүтім болса іshedі, қылымға шейін арқан, жіп еседі, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын», – дейді. Түйе айтты: «Сен адамның жұмысын қыласың, арпа, сұлы, шөп асайсың, тамағың үшін **құл болдың**. Міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп неше айлық алыс жолдарға барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны

**құл болу** – еркінен айырылып, тәуелді болу

**кііз** – қойдың күзем жүнінен тығыз етіп басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым

қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық», – дейді. Сиыр айтты: «Адам егін ексе, меніменен егеді, сұтімді ішеді, құрт-май істейді», – дейді. Қой айтады: «Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді? Жұнімді алып **киіз** істейді, жабағымменен киім тігеді, арқан-жіп істейді, сұтімнен құрт-май алады», – деді. Ит айтты: «Мен болмасам сендердің көбінді не үрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Сендердің баршаларыңың мен – бақташыңын, дұшпан көрінсе үріп, абалап иеме хабар беремін», – деді. Тауық айтты: «Мен болмасам, кісі ерте тұрып жұмысына бармай ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып шақырып, хабар айтамын «таң атты», – деп. Көп отырса, «жұмысынан қаларсың, жатар уақыт болды» деп, тұн ортасында шақырамын, кеш болса, тағы шақырамын, «mezgіl болды» деп, – дейді. Тышқан не айтарын білмей тұрады да, бір құлық *оілап*, жиылған көпке айтты: «Бұл таласқанмен еш нәрсе өнбес, күнді қарап тұралық та, кім бірінші көрсе, сол жыл басы болсын», – дейді. Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің биіктігіне сеніп, «менен бұрын кім көреді?» деп, тышқанның сөзін қостап, бәрі де қарасып тұрды. Біраздан соң тышқан жорғалап түйенің үстіне шығып, **өркешінің** басына мінді де отырды. Мұнан соң күнді бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болған. «Түйе бойына сеніп, құр қалды», – деген сөз осыдан қалған екен.

**құлық ойлау** – айла, тәсіл ойлау

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

### 3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Мәтінді тағы да қайталап оқыңыздар. Мәтіндегі хайуандар арасындағы сұхбатқа назар аударыңыздар. Егер мен болмасам, .... мәндегі сөйлемді пайдаланып, хайуандар рөлінде сұхбаттысыңыздар.
- Мұндай мифтік әңгіме сіздердің ауыз әдебиеттерінізде кездесе ме? Сіздердің жыл санау есептеріңіз немен байланысты айтылады? Әңгімелеп беріңіздер.
- Астрологиялық жұлдызнама бойынша өзініздің қай жылы туғаныңызды анықтаңыз.

**өркеші** – түйенің жота майы

## ■ ЖАЗАМЫЗ

- «Түйе бойына сеніп, құр қалды» тақырыбына әңгіме жазыңыздар.

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. *Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жазыңыздар.*

\_\_\_\_\_ – он екі жыл болады. Сол жылдардың аттары әр \_\_\_\_\_ үқсайды.

- |                       |                           |
|-----------------------|---------------------------|
| 1) жыл                | 1) жыртқыштардың аттарына |
| 2) мүшел              | 2) хайуанның аттарына     |
| 3) жыл мүшел          | 3) құстарының аттарына    |
| 4) жылдан үлкен мүшел | 4) андардың аттарына      |

2. *Сәйкестендіріңіздер.*

- |                |           |
|----------------|-----------|
| 1) жыл басы    | a) барыс  |
| 2) екінші      | ә) қоян   |
| 3) үшінші      | б) тышқан |
| 4) төртінші    | в) ыр     |
| 5) бесінші     | г) жылан  |
| 6) алтыншы     | ғ) жылқы  |
| 7) жетінші     | д) қой    |
| 8) сегізінші   | е) ұлу    |
| 9) тоғызыншы   | ж) мешін  |
| 10) оныншы     | з) тауық  |
| 11) он бірінші | и) доңыз  |
| 12) он екінші  | к) ит     |

3. «Мүшел жас» сөзінің мағынасын табыңыздар.

- 1) Әрбір 12 жылдан кейінгі жас
- 2) Әрбір 12 жылдың арасында
- 3) Әрбір 12 жылдың алдында
- 4) Әрбір 12 жылдың басында

## ШЕШЕНДІК СӨЗ

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. Мәтінді тыңдаңыздар және мәнерлелер оқыңыздар.

#### Дүниеде не тәтті?

Бір күні Жиренше шешен жолда келе жатып, алдымен қарсы кездескен бір балаға:

– Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– Бал тәтті, – деген екен.

– Ал жұмсақта не жұмсақ?

– Мамық жұмсақ.

– Қаттыда не қатты?

– Тас қатты.

Бұл баланың жауабын тыңдалап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

– Ал айта ғой, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.

– Аナンың сүті, – деп жауап беріпті бала.

– Не жұмсақ?

– Аナンың қолы.

– Ал енді не қатты?

– Атаның жүрегі, – деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болыпты. Ризалықпен балаға батасын беріпті.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. Сұрақтарға жауап беріңіздер

- Жиренше шешен кім?
- Баланың ақылдылығын қалай байқадыңыздар?
- Дүниеде не тәтті екен?

3. Мәтінді рөлдерге бөліп оқып, шешен мен бала рөлінде қоюылым ұйымдастырыңыздар.

### ■ ЖАЗАМЫЗ



4. Мәтін мазмұнын бес-алты сөйлеммен жазыңыздар.



шешен – тілмар, тапқыр

мамық – құстың үлпілдеген жұмсақ жүні

---

---

---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөзді қойып жазыңыздар.

«Дұниеде бәрінен не тәтті?» – дейді Жиренше шешен.

– ..... – деп жауап беріпті бала

- 1) Ананың жүргегі
- 2) Ананың сүті
- 3) Ананың алақаны
- 4) Ананың сөзі

2. Сәйкестендіріңіздер.

- |            |           |
|------------|-----------|
| 1) Жиренше | a) сүті   |
| 2) ананың  | ә) болу   |
| 3) баланың | б) шешен  |
| 4) риза    | в) жауабы |

3. Антонимдерді табыңыздар.

- |           |          |
|-----------|----------|
| 1) тәтті  | a) қатты |
| 2) жұмсақ | ә) сұрақ |
| 3) жауап  | б) абы   |

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТҮЙЫМДАРЫ

Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер. Бұл сөздер жас жеткіншектерді жаман әдет, теріс мінездерден сақтандырып отырған.



### 1. Сұрақтарга жауап беріңіздер.

- «Тыйым» деген сөздің мағынасын білесіз бе?
- Ұлken кіслердің айтқан тыйым сөздері естерінізде бар ма?
- Қандай тыйымдарды білесіздер?

### ■ ТЫНДАЙМЫЗ.

### 2. Тыйым сөздерді тыңдаңыздар.

- Алақ-жұлақ етіп журме.
- Аузыңа ерік берме.
- Аузыңды керме.
- Аяғыңың басына қарап журме.
- Аяғыңды көтерме.
- Басыңды салбыратып отырма.
- Басыңды шайқама.
- Беталды күлме.
- Жалған сөз айтпа.
- Жаман сөйлеме.
- Жуған қолыңды сілікпе.

**алақ-жұлақ ету** – жалтаң-жултаң қарау

**ерік бермеу** – бостан-босқа сөйлемеу,

аузына берік болу

**аузыңды керме** – аузына қолын салып, ерсілі-қарсылы қозғалту

**басын салбырату** – төмен қарап отыру

**басын шайқау** – ерсілі-қарсылы басын қозғалту

**беталды** – бостан-босқа

**жалған сөз** – шын емес, алдамшы, өтірік

**сілікпеу** – су болған қолды сілкітіп, сүйн жан-жаққа шашырат-пау

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

### 3. Сұрақтарга жауап беріңіздер.

- Бас, қол, аяққа қатысты қандай тыйымдар айтылады?
- «Жалған сөйлеу» дегенді басқаша қалай айтасыздар?

### 4. Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін сөйлемге (+), мазмұнга сәйкес келмейтін сөйлемге (-) белгісін қойыңыздар.

Адам	Мазмұнға сәйкес келеді (+)	Мазмұнға сәйкес келмейді (-)
1. Алақ-жұлақ етпе. 2. Аузыңа келгенді айтпа. 3. Аяғыңың басына қарап жур. 4. Басыңды салбыратып отыр. 5. Басыңды шайқама. 6. Жалған сөйле. 7. Жаман сөз айтпа.		

## ■ ОҚИМЫЗ

### 5. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

**саусагын шошайту** –  
саусақпен бір нәрсені  
шұқып көрсету  
**ақ** – мал сүтінен да-  
йындалатын тамақ  
**ас қайыру** – тағамды  
жеп болып, бата беру  
**бейуақта** – мезгілсіз,  
уақытсыз. 2. кешкі  
апақ-сапақ кез  
**бесік** – жас нәрестеге  
арналып жасалған,  
тербелмелі ағаш төсек  
**босага** – есіктің екі  
жақтауы

**нан ұнтағы** – наның  
қиқымы

**төр** – үй ішіндегі ең  
құрметті орын, бо-  
сағаға қарама-қарсы  
жоғарғы жағы

**жолын кеспей** –  
кішілікпен ізет көрсе-  
ту

- Адамға *саусагыңды шошайтпа*.
- Адамға түкірме.
- *Ақты төкпе*.
- *Ас қайырмай*, дастарқаннан тұрма.
- Әдепсіз болма. Бас киімді баспа.
- *Бейуақта ұйықтама*.
- *Бесікті теппе*.
- *Босаганы керме*.
- Дастарқанды аттама.
- Есікті теппе.
  
- Қызға ер баланы тебуге болмайды.
- Қыз баланы босағаға отырғызыба.
- Нанды баспа.
- Нанды жерге тастама.
- Нанды лақтырма.
- Нанмен ойнама.
- *Нанның ұнтағын тастама*.
  
- Таңғы асты тастама.
- Тандайыңды қақпа.
- Тұнде шаш алма.
- Үлкенге қарсы келме.
- Үлкенге «сен» деме.
- Үлкеннен бұрын *төрге* шықпа.
- Үлкен кісінің жолын *кесіп* өтпе.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

### 6. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Ақты төкпе» дегенді қалай түсінесіздер?
- «Бас киімді баспа» дегенді қалай түсінесіздер?
- Бесікті, есікті тебуге болмайды. Неге?
- Нанға байланысты тыйым сөздерді оқып, мағынасын түсін-  
діріңіздер.
- Әдептілікке байланысты айтылатын тыйым сөздерді табыңыз-  
дар.

## ■ ЖАЗАМЫЗ

7. Қажетті сөздерді жазыңыздар.

- |                     |             |
|---------------------|-------------|
| 1. Аяқты.....       | а) керме    |
| 2. Бесікті.....     | ә) шаш алма |
| 3. Босағаны.....    | б) баспа    |
| 4. Дастанқанды..... | в) төкпе    |
| 5. Нанды.....       | г) тастама  |
| 6. Тұнде.....       | ғ) қақпа    |
| 7. Таңдайыңды.....  | д) теппе    |
| 8. Таңғы асты.....  | е) аттама   |
| 9. Бейуақта.....    | ж) ұйықтама |

## ■ ОҚИМЫЗ

8. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

- Айды қолыңмен көрсетпе.
- Аққуды атпа.
- Ақ төгілген жерді баспа.
- Дәуітке тиіспе.
- Жалғыз ағашты кеспе.
- Жерошақты аттама.
- Жолға тұз алып шықпа.
- Жұлдыз санама.
  
- Ит баласын үйде ұстама.
- Көп шөпті жүлма.
- Қарлығаштың ұясын бұзба.
- Құдыққа түкірме.
- Құстың ұясын бұзба.
- Малды теппе.
- Отқа түкірме.
- Өрмекшіні өлтірме.

*аққу* – мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс

*дәуіт* – алдыңғы екі аяғы ұзын үлкен ше-гіртке тәріздес жәндік  
*жерошақ* – қазан асу үшін жерден қазып, от жағатын шұңқыр ошақ

*көк шөп* – өсімдік атаулы

*қарлығаш* – қанаттары ұзын айыр құйрықты, кішкене ала құс

*өрмекші* – тор құрып, шыбын-шіркейді аулап қоректенетін буын-аяқты жәндік

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

9. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Жалғыз ағашты неге кесуге болмайды?
- Жұлдызды неге санамайды?
- Неге «отқа түкірме» дейді?
- Құстарға байланысты айттылған тыйым сөздерді оқып, айтыңыздар.

10. Өздеріңіз білетін тыйым сөздер туралы айтып беріңіздер.

## ■ ЖАЗАМЫЗ

11. Мәтінде берілген тыйым сөздерді пайдалана отырып, адам-ға қатысты тыйым сөздерді жазыңыздар.

---

---

---

---

---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөздерді жазыңыздар.

1. Ақкуды \_\_\_\_\_.

- 1) санама
- 2) атпа
- 3) баспа

2. Көк шөпті \_\_\_\_\_.

- 1) жұлма
- 2) үйиқтама
- 4) тістеме

3. Қарлығаштың ұясын \_\_\_\_\_.

- 1) тиіспе
- 2) тұсірме
- 3) бұзба

2. Қай сөз тіркесі түсірілгенін табыңыздар.

1. Қызға \_\_\_\_\_ болмайды.

- 1) ер баланы тебуге
- 2) босағаға отырғызуға
- 3) жерді баспауға
- 4) асты тастамауға

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

### Отан. Достық. Тәрбие

Мақал-мәтелдер – фольклордың жанрлық түрі. Халықтың өмірлік тәжірибесінен алынған ой түйіні. Мақал-мәтел көлемі жағынан шағын, мағынасы терең болады. Мақал-мәтелдер сөздің көркін келтіреді.



#### Мақал-мәтелдің тақырыбы әр алуан.

1. Адам және оның қасиеттері туралы.
2. Еңбек туралы.
3. Өнер-білім туралы.
4. Батырлық-ерлік туралы.
5. Тәлім-тәрбие туралы.
6. Үнтымақ-бірлік туралы.
7. Үй іші-отбасы туралы.
8. Жақсылық, жамандық, достық, қастық туралы.
9. Тіл өнері туралы.

#### ■ ОҚИМЫЗ

##### 1. *Мақалды оқыңыздар.*

- Кісі елінде *сұлтан* болғанша,  
    Өз елінде *ұлтан* бол.
- Халықтың *ортак үйі* – Отан.

*сұлтан* – Шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазымы

*ұлтан* – аяқкиімнің табанына салатын қалың, қатты зат

*ортак үй* – баршага бірдей, көпшілікке тән

#### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

##### 2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сіздер өзге елде болдыңыздар ма? Қай елдерде болдыңыз?
- Өз еліңізге деген сағыныш сезімі қандай болуы мүмкін?
- «Халықтың ортақ үйі» дегенді қалай түсінесіздер?

##### 3. *Берілген мақал-мәтелдерді өз сөздеріңізмен айтып беріңіздер.*

#### ■ ОҚИМЫЗ

##### 4. *Мына мақал-мәтелдерді оқыңыздар, тақырыбын анықтаңыздар.*

- Туған жердің күні де ыстық,  
    Түні де ыстық.
- Өз елім – өлең төсегім.
- Сағынған елін аңсайды,

**day** – талас-тартыс,  
**айтыс** – тартыс  
**жсан пида** – жанын  
 кию  
**пайды** – көмек, жәрдем  
**зиян** – залал, кесір  
**алдын орау** – асып  
 түсіп, басым болуы

Сарала қаз көлін аңсайды.

- Ел іші – алтын бесік.

## ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. СӨЙЛЕЙМІЗ

5. *Мақал-мәтелдерді тыңдаңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер.*

- Досы көпті жау алмайды,  
Ақылы көпті *day* алмайды.
- Жолдасы көптің, қолдасы көп,  
Жақсы дос үшін *жсан пида*.
- Жақсы дос *пайдасын* тигізбесе де,  
зиянын тигізбейді.
- Жаман дос *алдыңды орап*, жүргізбейді.
- Айырылар дос, аяулынды сұрайды.
- Дос сыртынан мақтар,  
Дүшпан көзіңе мақтар.

6. *Мақал-мәтелдің негізгі ойын анықтаңыздар.*

- Есептескен дос болмас.

## ■ ЖАЗАМЫЗ

7. *Берілген сызбаны толықтырыңыздар.*

Отан тақырыбындағы мақал-мәтелдер	Достық тақырыбындағы мақал-мәтелдер
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.
5.	5.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. *Мақал-мәтелдегі асты сызылған сөздердің мағынасын өз сөздеріңізben түсіндіріңіздер.*

- Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені.
- Әдепті бала – арлы бала,  
Әдепсіз бала – сорлы бала.

9. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Тәрбие дегеніміз не?
- Адамның тәрбиелілігі неден көрінеді?
- Әдептіліктің белгісі неде?
- «Арлы бала» деген тіркесті қалай түсінесіздер?
- Сіздің ойыңызша әдепсіздікке нелер жатады?

## ■ ОҚИМЫЗ.

10. Мына мақал-мәтедерлі оқыңыздар, тақырыбын анықтаңыздар.

- «Сіз» деген – әдеп,
- «Біз» деген – көмек.
- Балапан *ұяда не көрсे*,  
Ұшқанда соны алады.
- Ұлға отыз үйден тыю,  
Қызға қырық үйден тыю.
- Атпаз көрген ат таныр,  
*Ұстаз көрген хат таныр.*

*ұяда не көрсे* – қандай тәрбие алса, қалай тәрбиеленсе

*ұстаз көрү* –  
тәлім-тәрбие, білім алу

*хат тану* – сауатын ашу, жаза білу

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

11. Берілген мақал-мәтедің негізгі ойын өз сөздеріңізben айттың беріңіздер.

12. Бағананы толтырыңыздар.

Мақал-мәтедер		
Отбасы тақырыбы	Достық тақырыбы	Тәрбие тақырыбы

13. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек мақалының мағынасын қалай түсінесіздер?
- «Хат таныту» деген тіркесті қалай түсінесіз?
- Сіздің ойыңызша, тәрбиелі адам қандай болуы керек?

## ■ ЖАЗАМЫЗ

14. «Мақал-мәтедер әлемінде» тақырыбы бойынша кестеде берілген мақалдарды пайдаланып, шағын әңгіме жазыңыздар.

Мақал-мәтедер әлемінде	
1. Отан – отбасынан басталады. 2. Достықтың құдіреті. 3. Тәрбие көзі.	

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Сөйлем мәғынасына сәйкес келетін мақал-мәттел нұсқасын жазыңыздар.

Менің еліме қайта оралуымның себебі «\_\_\_\_\_» мақалымен түсіндіріледі.

1) Отан – оттан да ыстық.

2) Еңбек етсең – емерсің.

2. Шетелде оқып жатқан үлкен агама әкем әр кез «\_\_\_\_\_», – деп айтады.

1) Кісі елінде сұлтан болғанша,

Өз елінде үлтан бол.

2) Адам деген ардақты ат.

3. Әкемнің сөзіне үлкен ағам «\_\_\_\_\_», – деп жауап береді.

1) Кім еңбек етсе, сол тоқ.

2) Өз елімнің басы болмасам да,

Сайының тасы болайын.

## ҚАЗАҚТЫҢ БАТА СӨЗДЕРІ

Қазақ халқының баталары – алыс жолға аттанарда, болашақ уақытта үлкен істерді бастарда, тойларда, жақсылық істер орындағанда сыйлы үлкен кісілер беретін ақ тілек сөздер.



### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

1. *Бата сөздерді тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқыңыздар.*

Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол.  
Бір елдің баласы болма,  
Бар елдің данасы бол!  
Бір топтың жағасы болма,  
Көп қолдың ағасы бол!

**сана** – биік ақыл-ой  
**дана** – білгіш, ақылды адам  
**жага** – ауысп. қамқоршы аға  
**көп қол** – көп эскер

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Бата сөздерінде «баласы болма, санасы бол» деп неге айтылған?
- Бұл ойды қалай түсінесіз?

3. *Салыстырыңыздар.*

Бір үй – көп үй  
Бір ел – бар ел  
Бір топ – көп қол

### ■ ОҚИМЫЗ

4. *Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Ақты ақ деп бағала.

Қараны қара деп қарала.

Өзегің талса, өзен бойын жағала,  
Басыңа не түссе, көпшілікті сағала.

**бағала** – күрметте  
**өзегі талу** – қарны ашу  
**сағала** – жақын жүр  
**басқа іс түсу** – қыншылыққа кез болу

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

5. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- «Ақты ақ», «қараны қара» деген тіркестерді қалай түсінесіз?
- Адам қандай жағдайда көпшіліктің көмегін керек қылады?

## ■ ОҚИМЫЗ

6. Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Өзіңе-өзің кәміл бол,

Халыққа әділ бол.

Жауыңа қатал бол,

Досыңа адал бол.

*кәміл* – рас,

*әділ* – шындықты

жақтаушы

*қатал* – мейірімсіз

*адал* – шыншыл

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

7. Сұраққа жауап беріңіздер.

- Әділдік деген не? Өз ойларыңызды айтыңыздар.

8. Бата сөздерді тағы бір рет оқып шығыңыздар.

9. Берілген үлгі бойынша өздеріңіз бата құрыңыздар.

\_\_\_\_\_ болма,

\_\_\_\_\_ бол!

\_\_\_\_\_ болма,

\_\_\_\_\_ бол!

10. Бата сөздерді жаттап алыңыздар.

## ■ ЖАЗАМЫЗ

11. Көп нүктенің орнына мәтіннен қажетті сөздерді тауып жазыңыздар.

Бір үйдің \_\_\_\_\_ болма,

Бар елдің \_\_\_\_\_ бол!

Бір \_\_\_\_\_ жағасы болма,

Көп \_\_\_\_\_ ағасы бол!

Ақты \_\_\_\_\_ деп бағала.

Қараны қара деп \_\_\_\_\_ .

\_\_\_\_\_ талса, өзен бойын жағала

\_\_\_\_\_ не түссе, көпшілікті сағала.

Өзіңе-өзің \_\_\_\_\_ бол,

\_\_\_\_\_ әділ бол.

\_\_\_\_\_ қатал бол,

Досыңа \_\_\_\_\_ бол.

сәбиі, баласы

көршісі, данасы

адамның, топтың

жүректің, қолдың

сары, ақ

арала, қарала

көзің, өзегің

басыңа, шашыңа

жақсы, кәміл

кітабыңа, халыққа

аяу райына, жауыңа

адал, қатал

12. Төменде берілген батаны жаттап алыңыздар.

## «Дастарқандарыңа береке берсін!»

Дастарқандарыңа береке берсін,  
Бастарыңа мереке берсін.  
Астарыңа адалдық берсін,  
Бастарыңа амандық берсін.  
Дендеріңе саулық берсін.  
Дастарқандарыңан дәм кетпесін,  
Көніліңнен сән кетпесін.  
Ұрпак, ұлыс аман болып,  
Өміріңнен мән кетпесін.  
Жақсыменен жанасып жүр,  
Жарлыға қарасып жүр.  
Шалқудың шамасын біл,  
Ақ-қараның арасын біл!

### ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Сөйлемдегі көп нұктенің орнына қажетті сөзді қойып, жазыңыздар.

«Бір елдің баласы болма, бар елдің \_\_\_\_\_ бол».

- 1) баласы
- 2) жағасы
- 3) данасы
- 4) сағасы

2. Берілген үзіндіні толықтырыңыздар.

Ақты ақ деп бағала.

Өзегің талса, өзен бойын жағала,  
Басыңа не түссе, көпшілікті сағала.

- 1) Досыңа адап бол.
- 2) Қараны қара деп қарала.
- 3) Көп үйдің санаы бол.
- 4) Бар елдің данасы бол.

3. Бата сөздерінде «жасау мен досқа» қатысты қандай осиет сөздер айттылады?

- 1) қатал бол, адап бол
- 2) бай бол, бақытты бол
- 3) кәміл бол, әділ бол
- 4) жақсы бол, үлкен бол

## ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ОЛЖАСЫ

Аңыз әңгімелер - халық ауыз әдебиетінің жанры. Оқиғасы шындық өмірден алынғанымен, ауызша айтылып тараптандықтан, фольклорлық сапалармен толықкан көркем шығарма. Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Мұндай адамдардың ел үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, халық намысын қорғауы, сол жолда жасаған игілікті іс-әрекеттері ел аузында аңыз әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

### 1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Қожанасыр кім? Ол жайлы қандай аңыз әңгіме білесіздер?
- «Қожанасыр олжасы» деген тақырыпқа назар аударыңыздар. Сіз қалай ойлайсыз? Аңыз не туралы болуы мүмкін?

### ■ ТЫНДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

#### 2. Мәтіннің берілген бөлігін тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.

Бір күні Қожанасыр келе жатса, тауықтың жұмыртқасы жатыр екен. Олжалы болғанына қуанып, жұмыртқаны қолына алды да, отыра кетіп қиялдай бастайды.

«Бүгін жолым болатын күн екен. Мынаны үйге апарып, суға пісіріп жеймін. Жоқ, жемеймін. Одан да балапан бастырып шығарайын. Сол балапанды қораз болғанша өсірейін. Қоразды асып жесем, бір тоймаймын ба?!» Бұы бүркүраған қораз еті елестеп, ернін жалап қояды.

Іле – шала әлгі ойынан қайтып:

«Жоқ, қораз аз болар, одан да оны бір семіз қазға айырбастайын. Қалай дегенмен қаз үлкенірек құс қой, бір-екі рет тойып жеуге жарайды. Шынымды айтсам, қазды бір арық қозыға айырбастасам жаман болмас еді. Арық қозыны күзге дейін семіртіп тоқты болғанда сойса, семіз, тоқтының етін былқытып асса!» – деп тамсанады.

«Ақыр соятын болған соң, арық қозымен сонша әуре болып керегі не?» Одан да оны бірден қошқарға айырбастайын. Әрине, менің кішкентай қозыма кім қошқарын айырбастай қояр дейсін. Мен оларға қозының ертең-ақ саулық болып, жылына төл беретінін айтсам... Қошқардың аты қошқар. Өсім жоқ. Сөйдесем, кез келгені бойдақ малын қозыма бермей ме?! Ой, сонда бір куырдаққа тойсам!» – деп тағы бір қояды.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Қожанасыр не тауып алады?
- Қожанасырдың қиялы қандай?
- Әуелі жұмыртқаны не істемекші болады? Одан соң неге айырбастағысы келді?

## ■ ЖАЗАМЫЗ

4. Үзіндіні толықтырыңыздар.

Бір күні \_\_\_\_\_ келе жатса, \_\_\_\_\_-тың\_\_\_\_\_ -сы жатыр екен. Ол жолы болғанына қуанып, \_\_\_\_\_-ны қолына алды да, отыра кетіп қиялдай бастайды.

«Мынаны үйге апарып, суға пісіріп \_\_\_\_\_. Жоқ, жемеймін. Одан да \_\_\_\_\_ бастырып шығарайын. Сол \_\_\_\_\_-ды қораз болғанша өсірейін. \_\_\_\_\_-ды асып жесем бір тоймаймын ба?!

5. Магыналас сөздерді табыңыздар:

Киялдау, \_\_\_\_\_  
Ашулану, \_\_\_\_\_  
Жалбарыну, \_\_\_\_\_

## ■ ОҚИМЫЗ

6. Мәтіннің бөлігін оқыңыздар.

Қазанда шүркүлдап қуырдақ қуырылып жатқанда Қожанасыр: «Сонда қошқардың қалған етін қалай іс қылмақпын? Мына шыжып тұрған күнде қолма-қол сасып кетпей ме?! Жо-о-о-қ. Мен одан да қошқарды бір өте арық жаман атқа айырбастайын. Эйтепті ат деген аты бар ғой! Қашанғы жаяу жүре берем?» – деп, тіпті ашулана бастайды.

Қожанасыр қиялмен қойын атқа айырбастап болып, екі қолын жайып жіберіп, осыншама рахымы түскен Аллаға жалбарына бастайды.

– Да, жаратушы бір Алла! Түкке тұрмайтын тауық жұмыртқасына кездестіріп, соны құдіретіңмен бәйге атқа айналдырғаның мың да бір рақмет! – дейді бар дауысымен. Содан...

... Содан қолын көкке соза бергенде жұмыртқа жерге түсіп кетіп, жарылады да қалады.

Қожанасыр қиялына қанат бітірген олжасының неге айналғанын көргенде іші үдай ашиды. Содан амалы таусылдып, желкесін қасып сәл тұрады да, жөніне кете барады.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Қожанасырдың қиялы қалайша дамиды? Ең соңында не болды?
- Қожанасырдың қиялын басқаша дамытуға бола ма? Қалай ойлайсыздар?
- Ертегі оқиғасынан қандай ой түнгі болады?

8. Қожанасырдың ойын аңыз әңгіме мазмұны бойынша ретімен орналастырыңыздар:

- |                         |     |
|-------------------------|-----|
| Балапан бастырып шығару | (1) |
| Қозыға айырбастау       | (2) |
| Қошқарға айырбастау     | (3) |
| Жұмыртқа тауып алу      | (4) |
| Қазға айырбастау        | (5) |
| Атқа айырбастау         | (6) |

## ■ ЖАЗАМЫЗ

9. Үзіндіні толықтырыңыздар.

Қожанасыр \_\_\_\_\_ қойын атқа айырбастап болып, екі қолын жайып жіберіп, осыншама \_\_\_\_\_ түскен Аллаға жалбарына бастайды.

– Уа, жаратушы бір Алла! Түкке тұрмайтын тауық жұмыртқасына кездестіріп, соны \_\_\_\_\_ бәйге атқа айналдырганыңа мың да бір рақмет! – дейді бар дауысымен. Содан...

... Содан қолын көкке соза бергенде \_\_\_\_\_ жерге түсіп кетіп, жарылады да қалады.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

10. «Қиялдан көреік» тақырыбы бойынша әңгімелесіңіздер.

1. Мен Президент болсам ...
2. Мен ғалым болсам ...
3. Мен ақын болсам ...

11. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрыңыздар.

Қожанасыр, тауық, жұмыртқа, балапан, қораз, қаз, қозы, тоқты, қошқар, ат, ет, олжа.

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

### 1. Қажетті сөзді қойып жазыңыздар.

Бір күні Қожанасыр келе жатса, тауықтың жұмыртқасы жатыр екен. Олжалы болғанына қуанып, \_\_\_\_\_ қолына алды да, отыра кетіп қиялдай бастайды.

- 1) қоразды
- 2) тауықты
- 3) жұмыртқаны
- 4) құсты

### 2. Сәйкестендіріңіздер.

- |              |               |
|--------------|---------------|
| 1) тауықтың  | а) тою        |
| 2) арық      | ә) қаз        |
| 3) қуырдаққа | б) жұмыртқасы |
| 4) семіз     | в) қазы       |

### 3. Антонимді сәйкестендіріңіздер.

- |          |          |
|----------|----------|
| 1) үлкен | а) бүгін |
| 2) семіз | ә) кіші  |
| 3) ертең | б) тауық |
| 4) қораз | в) арық  |



## БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Батырлар жыры – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Қазақ халық ауыз әдебиетінде «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қобылан-ды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты тамаша жырлар өте көп.

Жырдағы басты тұлға – Алпамыс. Ол – елдің тыныштығын, бірлігін сақтау үшін күрескен батыр.

### 1. Тақырыпты оқыңыздар.

- Жырда не туралы айтылады деп ойлайсыздар?
- Қазақтың қандай батырларын білесіздер? Олардың аттарын атаңыздар.

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

### 2. Үзіндіні тыңдаңыздар. Мәнерлеп оқып шығыңыздар.

#### Алпамыс батыр

Онда Алпамыс түйенің арасынан шыға келіп: «Ассалаумағалейкүм, ата!» – деп сәлем берді. Онда Байбөрі бай *зәресі ұшип* кетті, қолындағы таяғы жерге түсіп кетті. Ұлтан құлдың әдейі *аңдытып қойған* адамы еken деп ойлады. Онда Алпамыс батыр: «Әкемнің жүрегі жарылып кетер», – деп, әкесіне қарап айтып тұрған сөзі еді:

«Ассалаумағалейкүм,  
Қарахан тауда *бабамыз*,  
Сірә, *қабыл болмайды*.  
Жан баба сіздің тобаңыз.

Кетіп еді қай жаққа,

Баба сіздің балаңыз?»

Байбөрі сонда сөйледі:

«*Тілекті құдай берді* ме,  
Көзімнің жасын көрді ме,  
Қалмаққа кеткен жалғызыым,  
Алпамысым келді ме?

Менің бабам еken деп,

Танып сәлем берді ме?

Атқа мінген желеді,

Қоңырат деген ел еді,

Ұлтан патша болғалы,

Сәлем берер кісі жоқ,

*Мәһрбан* болып бұл жерде,

Сәлем берген кім еді?»

*зәресі ұшу* – қорку  
*аңдытып қою* – біреудің ізіне түсіп торуылдату, бақылату

*баба* – арғы ата, ұлы  
ата, ұлы әке  
*қабыл болу* – мақұлдау, келісу

*тілек берді* – арман –  
мақсаты орындалды

*ұлтан* – аяқ киімнің  
табанына салынатын  
қатты, қалың зат  
*мәһрман* – мейірімді

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып оқынышдар.

- Онда Алпамыс түйенің арасынан шыға келіп: «\_\_\_\_\_, ата!» – деп сәлем берді.
- Онда Байбөрі бай \_\_\_, қолындағы таяғы жерге түсіп кетті.
- Ұлтан құлдың әдейі \_\_\_\_ қойған адамы екен деп ойлады.

4. Сұрақтарга жауап беріңіздер.

- «Кетіп еді қай жаққа, Баба сіздің балаңыз?» деп кім сұрап түр?
- Байбөрі сонда не деді?
- Қалмаққа кеткен жалғыз ұлы Алпамысқа деген сағынышын Байбөрі қалай білдірді?
- Бала мен әке арасындағы жақсы көру сезімі қалай суреттелген?
- Амандасу дәстүрі жайлы не білесіз?

5. Үзіндіге тақырып қойынышдар.

6. Үзіндіні рөлге бөліп оқынышдар.

## ■ ОҚИМЫЗ

7. Үзіндіні мәнерлеп оқып шығынышдар.

Алпамыс сонда сөйледі:

«Ата саған келгенім,  
Келіп сәлем бергенім,  
Біреудің малын бақпаши,  
Біреудің отын жақпаши.  
Балаңнан хабар білмеймін,  
Бекерге жала жаппаши!»

Байбөрі сонда сөйледі:  
«Қой, шырағым, алдама,  
Алдағаның бола ма?  
Молдалар оқыр кәләмді!  
Бісміллә болар сөз басы,  
Кәміл пірім жар болып,  
Осы бүгін қолдашы.  
Қалмаққа кеткен жалғызы –  
Алпамысым болмашы?  
Мінген атың қарады,  
Бауырынан жарады,  
Шыныңды айтшы, шырағым?

**бағу** – күтім жасау,  
малын бағу  
**жасағу** – отын жағу,  
малай болу, күң  
**жала жаппау** – нақақ  
кінә тақты

**жөргек** – жас нәре-  
стені бөлеп орайтын  
жаялық  
**бейнет** – азап, мекнат  
**корлық** – жәбір, жапа,  
күштінің әлсізге көр-  
сеткен қиянаты

*Жөргектегі іісің  
Мұрнымды жарып барады.  
Бейнет көрдің басынан,  
Корлық көрдің жасынан,  
Айналайын, шырағым,  
Атеке деген даусынан!»*

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

8. *Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып оқыңыздар.*

«Ата саған келгенім,  
Келіп \_\_\_\_ бергенім,  
Біреудің \_\_\_\_ бақпаши,  
Біреудің \_\_\_\_ жақпаши.  
Балаңнан \_\_\_\_ білмеймін,  
Бекерге \_\_\_\_!»

Байбөрі сонда сөйледі:

«Қой, \_\_\_, алдама,  
Алдағаның бола ма?  
Молдалар \_\_\_\_ кәләмді!  
Бісміллә болар \_\_\_\_ басы,  
Кәміл \_\_\_\_ жар болып,  
Осы бүгін \_\_\_\_ .  
Қалмаққа кеткен жалғызыым –  
\_\_\_\_ болмашы?»

Мінген \_\_\_\_ қарады,  
Бауырынан \_\_\_,  
\_\_\_\_ айтшы, шырағым?  
\_\_\_\_ иісің  
Мұрнымды \_\_\_\_ .  
\_\_\_\_ көрдің басынан,  
\_\_\_\_ көрдің жасынан,  
\_\_\_\_, шырағым,  
Атеке деген \_\_\_\_!»

9. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Алпамыс әкесін қалай таныды деп ойлайсыздар?
- Байбөрі оның өз баласы екенін қайдан білді?

10. *Ұзіндіге тақырып қойыңыздар.*

11. *Алпамыс пен Байбөрінің сөздерін рөлге бөліп оқыңыздар.*

## ■ ОҚИМЫЗ

12. *Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Сонда Алпамыс сөйледі:  
«Дария тасып лайланып,  
Дүшпаниң жолы байлансын.  
Жалғызым деген даусынан,  
*Мұсәнір* болған, жан ата,  
Мендей қозың айналсын!»  
Осыны айтып Алпамыс,  
Атынан түсекірді,  
Тасқа құлап Байбөрі,  
*Ботадай бозда* өкірді.  
Ата-бала екеуі,  
Айдалада жолығып  
Көрісе берген секілді.

*дүшпан* – дос емес,  
жау  
*мұсәнір* – бейшара

*ботадай боздау* –  
ботаға ұқсан үн шыға-  
рып жылау

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

13. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Сонда Алпамыс не деді?
- Жырда Алпамыстың сағыныш сезімі қалай суреттелген?
- Үзіндіден әкесі мен баласының кездескен сәтін тауып оқыңыздар.

14. *Үзіндіге тақырып қойыңыздар.*

15. *Үзіндіні рөлге бөліп оқыңыздар.*

16. *Кестеде берілген тақырыптар бойынша жырдан қажсетті сөздерді тауып айтыңыздар.*

Алпамыстың сәлем беруі	Алпамыс пен Бай-бөрінің танысып-білісуі	Әке мен баланың көрісуі

## ■ ЖАЗАМАЫЗ

17. *Көп нұктенің орнына керекті сөзді қойып жазыңыздар.*

Сонда Алпамыс сөйледі:  
«Дария \_\_\_\_ лайланып,  
Дүшпаниң \_\_\_\_ байлансын.  
\_\_\_\_ деген даусынан,  
\_\_\_\_ болған, жан ата,  
Мендей қозың \_\_\_\_!»

Осыны \_\_\_\_ Алпамыс,  
Атынан \_\_\_\_ секірді,  
Тасқа \_\_\_\_ Байбөрі,  
Ботадай боздал \_\_\_\_ .

Ата-\_\_\_\_ екеуі,  
\_\_\_\_ жолығып  
Көрісе берген \_\_\_\_ .

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Қажетті сөздерді қойыңыздар.

«Ата саған келгенім,  
Келіп \_\_\_\_ бергенім,  
Біреудің \_\_\_\_ бақпашы,  
Біреудің отын \_\_\_\_  
Балаңнан хабар\_\_\_\_,  
Бекерге жала жаппашы!»

- 1) сәлем, малын, жақпашы, білмеймін
- 2) қалайсың, бақшасын, айтпашы, қайдан білейін
- 3) күндіз, кездесу, берме, ойлан
- 4) жеткізу, ауыл, асық ойыны

2. Көп нұктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыздар.

Молдалар \_\_\_\_ кәләмді!  
Бісміллә болар сөз басы,  
Кәміл пірім \_\_\_\_  
Осы бүгін қолдашы.  
Қалмаққа кеткен \_\_\_\_ –  
Алпамысым болмашы?  
\_\_\_\_ атың қарады,  
Бауырынан жарады,  
Шыныңды айтшы, шырағым?  
Жөргектегі иісің  
Мұрнымды жарып барады.

- 1) сәлем, малын, жақпашы, білмеймін
- 2) оқыр, жар болып, жалғызыым, мінген
- 3) молдалар, жөргек, біреудің отын
- 4) жалғыз, деген, даусынан

3. «Алпамыс батыр» жырынан алғынған үзінді не туралы?

- 1) Алпамыстың соғысқа кеткені.
- 2) Алпамыс пен Ұлтан құлдың сөйлесуі.
- 3) Алпамыс пен әкесі Байбөрінің далада кездесуі.
- 4) Баласы Жәдігерге кездесуі.

## ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР



1. Тақырыпты оқыңыздар.

- Қазақ «батыр» деп кімді айтады?
- Қандай батырларды білесіздер?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ

2. Берілген жырдан үзіндіні тыңдаңыздар.

Кешегі өткен заманда,  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай  
Халықтан асқан болды бай.  
Байлығында есеп жоқ,  
Айдалып бағып жайылды,  
Төрт түлік малдың бері *сай*,  
Жаз жайлауы жайлаған  
Қалың Қыпшак *жагалай*.

*сай* – сәйкес, лайық, дәл  
*жайлауы* – жазда жа-  
йылатын, биік таудағы  
не шүйгін шөпті жа-  
зықтағы мал  
*жайылымы*  
*жагалай* – шетінен,  
түгелдей, жаппай

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

3. Ծұрақтарға жауап беріңіздер.

- Бай болған кім?
- Тоқтарбайдың байлығы суреттелген жерді көрсетіңіздер.
- Жырдың берілген осы бөлігінде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?
- Жырдағы негізгі кейіпкерлерді атаңыздар.

Кажетті сөзді қойыңыздар.

Кешегі өткен \_\_\_\_\_ ,  
\_\_\_\_\_ Қобыланды,  
\_\_\_\_\_ Тоқтарбай  
\_\_\_\_\_ болды бай.

Байлығында \_\_\_\_\_ ,  
\_\_\_\_\_ жайылды,

Төрт түлік малдың \_\_\_\_\_ ,  
Жаз жайлауы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жағалай.

### ■ ОҚИМЫЗ

4. Үзіндіні мәнерлеп оқып шығыңыздар.

Сексенге жас келгенше  
Бір бала көрмей Тоқтарбай,

**қайғы** – қасірет, күйік, шер  
**сұңқар** – бүркіт тұқымдас қыран құс  
**қия** – таудың, шыңың тік құлама беті  
**тұяқсыз** – ұрпақсыз, тұқымсыз  
**қайысқан** – ауыр жұк көтергеннен белі ма-йысу, иілу

**дүние** – жер жүзі, әлем  
**арыстан** – ержүрек, қайсар, мықты  
**қазынадан** – түрлі, бағалы заттар, жер қойнауындағы қазба байлық,  
**қамқа киеді** – зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата-дан тігілген киім кию  
**ениші** – бала жеке үй болып бөлек шыққанда, ата-анасы беретін  
**тобылғы менді** – раушанғұлдер тұқымына жататын қызыл күрен түсті мен  
**бүкіл** – түгел, тұтас, барлық, күллі

Қайғыменен қан жұтып, Ақылынан адасқан. Шөл иесі сұңқар қиясыз, «Еш нәрсе көрмей дүниеден, Откенім – деген – тұяқсыз» Тоқтарбайдың зарына Қалың Қыпшақ қайысқан.

### 5. Сұрақта жауап беріңіздер.

- Тоқтарбай не себепті ақылынан адасты? Қалай ойлайсыздар?
- Ол: «Дүниеден еш нәрсе көрмедім», – деп неліктен зар енірейді?

### 6. Жыр үзіндісін мәнерлеп оқыңыздар.

Елuge жасы келгенде,  
Көзімді ашпай дүниеден  
Өтемін бе дегенде,  
Сонда көрген арыстан.  
Бір ұл, бір қыз атадан,  
Қыздың аты – Қарлығаш,  
Қобыландыға қарында.  
Алты жасқа келгенде  
Арыстан туған Қобыланды –  
Қазынадан қамқа киеді,  
Өзімнің енишім болсын деп,  
Тобылғы менді торы атты  
Енші қызыл мінеді.  
Қобыландының тілегін  
Бүкіл қыпшақ тіледі.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

### 7. Керекті сөздерді қойыңыздар.

\_\_\_\_\_ жасы келгенде,  
Көзімді ашпай \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бе дегенде,  
Сонда көрген \_\_\_\_\_.  
\_\_\_\_\_ атадан,  
Қыздың аты – \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ қарында.

Алты жасқа келгенде

\_\_\_\_\_ Қазынадан қамқа киеді –

Тобылғы менді торы атты

Қобыландының тілегін

8. Сұраққа жауап беріңіздер.

- Қобыланды нені енші қылыш мінеді?
- Қыпшақ жүртүсінің тілегі не болды?

## ■ ОҚИМЫЗ

9. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.

Еstemісті көруге

Жылқыға бала жөнелді.

Жылқыға бала барған соң,

Баурап малын алған соң,

Тоқсан құл мен Еstemіс,

Риза тауып қалған соң.

Қолғанат пен құйрыққа

Енді Тоқтар кенелді.

Қобыландыны барған соң,

Еstemіс ерің баулыды.

Күнде киік аулайды,

Кездессе жауын жаулайды.

Жылқыда жатып Қобыланды

Екпінді оттай қаулайды,

Қаршығысы қолында,

Құмай тазы соңында,

Көрсө киік аулайды.

**жөнелді** – жүріп кетті, жолға шықты, зымырау, зулау

**баурау** – өзіне қаратып алу, бағындыру, икемдеу

**кенелу** – қарық болу, рақатқа бату, баю

**жаулай** – елді, жерді басып алу

**екпінді** – екпіні күшті, қарқынды, даусы көтеріңкі, жігерлі

**құмай тазы** – тазы иттің ең жүйрік, шалымды түрі

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

10. Сұраққа жауап беріңіздер.

- Бала қайда жөнелді?
- Қобыландыны кім баулыды?
- Қобыланды аңға шыққанда нені алыш шықты?

11. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып айтыңыздар.

Еstemісті \_\_\_\_\_

бала жөнелді.

Жылқыға бала \_\_\_\_\_,

малын алған соң,

Тоқсан құл мен \_\_\_\_\_,

тауып қалған соң.

Қолғанат пен \_\_\_\_\_

Тоқтар кенелді.

Қобыландыны барған соң,

Күнде киік аулайды,

Жылқыда жатып Қобыланды

Каршығасы қолында,

Көрсө киік аулайды.

12. Берілген кестеде жыр төрт бөлікке бөлінген. Әрқайсысын қалай атап едіңіздер?

Кешегі өткен заманда, Қарақыпшақ Қобыланды, Атасы мұның Токтарбай Халықтан асқан болды бай. Байлығында есеп жоқ, Айдалып бағып жайылды, Төрт түлік малдың бері сай, Жаз жайлауы жайлаган Қалың Қыпشاқ жағалай.	Сексенге жас келгенше Бір бала көрмей Токтарбай, Қайғыменен қан жұтып, Ақылынан адасқан.	Елуге жасы келгенде, Көзімді ашпай дүниеден Өтемін бе дегенде, Сонда көрген арыстан. Бір ұл, бір қызы атадан, Қыздың аты – Қарлығаш, Қобыландыға қарындас. Алты жасқа келгенде Арыстан туған Қобыланды – Қазынадан қамқа киеді, Өзімнің еншім болсын деп, Тобылғы менді торы атты Енші қылышп мінеді. Қобыландының тілегін Бүкіл қыпшақ тіледі.	Еstemісті көруге Жылқыға бала жөнелді. Жылқыға бала барған соң, Баурап малын алған соң, Тоқсан құл мен Еstemі, Риза тауып қалған соң. Қолғанат пен құйрыққа Енді Тоқтар кенелді. Қобыландыны барған соң, Еstemіс ерің баулыды. Күнде киік аулайды, Кездессе жауын жаулады. Жылқыда жатып Қобыланды Екпінді оттай қаулайды, Қаршығысы қолында, Құмай тазы соңында, Көрсө киік аулайды.

## ■ ЖАЗАМЫЗ

13. Жырдан Қобыланды мен Қаршығаға сипаттама берілген жолдарды тауып жазыңыздар.

---

---

---

---

---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. *Узіндіде не туралы айтылған?*

Кешегі өткен заманда,  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай  
Халықтан асқан болды бай.

- 1) Қобыландының кім екендігі
- 2) Қобыландының батырлығы
- 3) Қобыландының ерлігі
- 4) Аңға шыққандығы

2. *Тоқтарбай неліктен қайғырды?*

Сексенге жасы келгенше  
Бір бала көрмей Тоқтарбай,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Ақылынан адасқан.

- 1) еңбек етіп
- 2) бала жоқтығынан
- 3) кәріліктен
- 4) бай болғандықтан

3. *Узіндідегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыздар.*

Кешегі өткен \_\_\_\_\_,  
Қарақыпшақ Қобыланды,  
\_\_\_\_\_ мұның Тоқтарбай  
Халықтан \_\_\_\_\_ болды \_\_\_\_\_.

- 1) заманда, атасы, асқан, бай
- 2) қарақыпшақ, мұның, Тоқтарбай
- 3) кешегі, өткен, заманда
- 4) халықтан, асқан



## ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ

Қазақ ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық жырлар – “Қызы Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Айман-Шолпан” т.б. Шығыста лиро-эпостық жырларды ғашықтық жырлар дейді. Ғашықтық жырлардағы кейіпкерлер – батырлар емес, қарапайым адамдар.

### ■ ОҚИМЫЗ

1. *Берілген үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар.*

Алтайдың бауырында Сарыөзен,  
Сары Ертіс, Қара Ертіс бар айыр кезең.  
Бала Ертіс және ағып қосылады,  
Үстінен Зайсан көлдің кетер төмен.  
Сондай жақсы жерлерді мекен еткен,  
Талай ер бұл фәніге келіп кеткен.  
Қарабай, Сарыбайдың хикаясынан,  
Сөйлейін білгенімді енді шеттен.

Екі бай ат үстінде құрды кеңес,  
Тұрмаған айтқан сөзде адам емес.  
«Құда болсақ жарасар даңқымызға,  
Бай едік табымызда құлақ теңдес.  
Екеуі де егерде ұл бол туса,  
Дос болсын қияметтік хақын жемес.  
Біреуі ұл, біреуі қыз болса егер,  
Құда болсақ лайықсыз ешкім демес.  
Құдалық ниетімізге жетерміз», – деп,  
Бір Құдай, Пайғамбарды қылады елес.

### ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

2. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Узіндіде не туралы айтылған?
- Екі бай қандай кеңес құрды?
- «Сөзінде тұру» деген тіркестің мағынасын қалай түсінесіздер?
- Екі байдың даңқына не жарасады?
- «Құдалық ниеті» деген не?

### ■ ТЫҢДАЙМЫЗ. ОҚИМЫЗ

3. *Лиро-эпостық жырдан берілген үзіндіні тыңдаңыздар, мәнерлеп оқыңыздар.*

Қатыны Сарыбайдың тауытты қыз,  
Әңгіме, құлақ салып, тыңдасаңыз.

**Алтайдың бауырында** – Алтайдың етегінде

**айыр кезең** – бір бүтін нәрсені екіге бөлу, жару  
**фәни** – осы дүние  
**хикая** – болған іс, бастант кешкен оқиға

**құрды кеңес** – ақыл-дасты  
**даңқ** – абырой, атақ

**қияметтік хақын жемес** – мәңгілік, өмір баки адап болу  
**құдалық ниет** – құда болуға тілек білдіру

**тауытты қыз** – қыз бала дүниеге келді

*Кеңесіп* Баян қойды қыздың атын,  
Халықтан артық көріп оның затын.  
Үлкен қатын *бәйбішеден* екі ұлсы бар,  
Баянды тапқан екен тоқал қатын.

*кеңесу* – ақылдасу

*бәйбіше* – бірінші  
әйел

Карабай бір қундерде аң қуыпты,  
Сейілмен жүрген жерін *шаң қылышты*.  
Қатыны өзі жокта ұл туыпты,  
Сүйінші сұрағандар даң қылышты.

*шаң қылу* – топырақ  
қылу, шаңын шығару

Келеді біреу шапан, біреу атқа,  
Бере берсе, кім келмес ондай затқа.  
Қарекең мойны үзіліп өлген екен,  
Куанып ауылына шапқан шақта.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

### 4. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Сарыбайдың әйелі кім туды?
- Қыздың атын кім қойды?
- Қарабайдың әйелі кім туды?
- Қарабайдың өліміне не себеп болды?

## ■ ОҚИМЫЗ

### 5. Берілген жыл шумақтарын мәнерлеп оқыңыздар.

Жасады *шілдехана* ел өзінен,  
Көрмеген әке өлімін себебінен.  
*Ел дулап*, етке тойып кетіп жатты,  
Қозыдай тілек тілеп көк өрімнен.

*шілдехана* – сәбидің дүниеге келу құрметіне жасалатын той  
*ел дулап* – шулап жасымады – жігерленді, әлденді

Қайғырды ел Қарекене, жасымады,  
*Медеу қып* жас Көрпешін асырады.  
«Басынып елі-жүртүм кетпесін», – деп,  
Қайғысын дұшпан көрсө жасырады.

*медеу қылу* – тірек  
қылу

Сарыбай салқын тартты *сұмдық ойлан*,  
Қозады бір жаманға көнілі бойлап.  
«Өзі *жетім* балаға қыз бергенше,  
Бір күшікке берсемші ала мойнақ.  
Жетімге қыз бергенім *сүйекке мін*,  
Алыс кетсек бізді іздел барады кім?».

*қайғыру* – уайымдау, қамкөніл болу  
*сұмдық ойлау* – жаман ойлау  
*жетім бала* – не әкесі, не анасынан айрылу  
*сүйекке мін* – үрпакқа сын

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

6. *Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- «Шілдехана тойы» қашан тойланды?
- Шілдехана тойына кімдер келді, олар қандай тілек айтты?
- Сәбидің аты кім?
- Сарыбай не деп ойлады?

## ■ ОҚИМЫЗ

7. *Жырдың сұрақ-жауап үлгісіндегі шумақтарын мәнерлеп оқыңыздар.*

– Баян кім? Сарыбай кім? Айтшы маған,  
Айтпасаң бала болмай кетем саған.

Әкем тірі күнінде *айттырыпты*,  
Түсімде аян етті ата – бабам.

*Шешесінің сөзі:*

– Эуелі Баян жарың, анық еді,  
Еліме құдалығым қанық еді.  
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», – деп ,  
Сөзінен Сарыбай ата танып еді.

«Сарыбайдан Баянды аламыз», – деп,  
Қазақ, қалмақ бірлесіп хабарласып.

Он күн жатып тынығып жүрмек болды,  
Жолдан тоқтап қалмасқа *шабандасын*.  
Қайтарында досына келмек болды,  
Баянды алып келсе, көрмек болды.  
*Пұл* аздық қып, күші жетіп ала алмаса,  
Сарыбаймен шабысып өлмек болды.

Өзіне қарындас қып ұзатуға,  
Не сұраса аямай бермек болды.

– Жүрмісің аман-есен, жетімегім,  
Зорлықпен күн батысқа кетіп едім.  
Өлсек те енді бізде арман қалмас,  
*Тәңірден* сенен басқа не тіледім?

– Бикеш-ау, көтер басты «а, Құдайлап»,  
*Тас жүрек* білмейтін не етіп едің.  
Қодар құл «алам» дейтін мазағынан,  
*Бикешке* қадіретің өтіп едің.

Қарағым, арыстаным, ай жарығым,  
*Кемелге* қалай келіп жетіп едің?!

Баян да енірейді өксіп жаман:  
– Женеше, қоя берші маған таман.  
Жолыңа жасым тұрмак, жаным құрбан,  
Кетейін, жан Қозеке, боп *садагаң*.

*айттырып* – қызға құда  
түсу

*шабандасу* – баяу,  
жай, ақырын қимыл-  
дау

*пұл* – ақы

*тәңір* – Алла тағала  
*тас жүрек* – қатыгез,  
мейірімсіз

*бикеш* – бойжеткен  
қыздарға айтылатын  
ибалы сөз

*кемел* – әбден толып  
жетілді, толысты

*садагаң болу* – біреуге  
ризашылық білдірген-  
де, құрбаның болайын  
деген мағынада жұм-  
салады

Кұдайым алтын жүзін көрсеткен соң,  
Аямын неменеге жетсе шамам.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

### 8. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Қозы анасына қандай сұрақ қойды?
- Анасы Қозының қойған сұрағына қалай жауап берді?
- Жырда Қозы мен Баянның кездесуі қалай суреттелген?
- Баян ауылында Қозыны қалай қарсы алды?
- Жырда Баянның тілегі туралы не айтылады?

## ■ ОҚИМЫЗ

### 9. Берілген жыры шумақтарының мазмұнымен танысыңыздар.

Алыстан келін түсті елдей көшіп,  
Мақтасты құрбы-құрдас желдей есіп.  
Бұрын-соң құлақ естіп көз көрмеген,  
Сипаты мұндай сұлу көркем десіп.

Аты да келісімді Баян екен,  
Кұдайдан шын тілесе аян екен.  
Біз бұрын қатын алдық.  
Малымыз оған берген шаян екен.

Бейшара елімізге болсын құтты,  
Әруақты келген шығар ойлап жұртты.  
Адамзат бұдан артық қайтіп тусын,  
Алмаса аспандағы нұр бұлтты.

Той қылды дәл жарым ай елін жиып,  
Аямай дәулетінің бәрін қиып.  
Тамаша жұрт көрмеген алуан-алуан,  
Рухына бозбаланың тұрған сыйып.  
Ат шапты, құнан шапты, тай да шапты,

Жүгіріп жаяу бәйге жайға шапты.  
Ағашқа ақ жамбыны іліп қойып,  
Мергендер арыстандай айға шапты.  
Әр бәйге Қозекеден жатыр шығып,  
Асырмақ тойдың даңқын оғып-бұғып.

Шұңғылдау тегенеге қатық ұйтып,  
Тістетті шалға жамбы басын тығып.

**көз көрмеген** – адам  
баласы бұрын-соңды  
көрмеген

**келісімді** – жарамды,  
үйлесімді  
**аян** – әйгілі, мәлім,  
белгілі

**бейшара** – байғұс,  
мұсәпір, сорлы  
**әруақ** – өлген адам рух

**рух** – рухани күш-куат,  
батылдық  
**бозбала** – жігіт-желен,  
жасөспірім үйленбеген  
жігіт

**бәйге** – қазақ халқы-  
ның ат жарысы  
**жамбы** – мергендер  
түсіру үшін тігілетін  
сом күміс, не қымбат  
металл

**шұңғылдау** – терен,  
ойынқы  
**тегене** – үлкен  
шұңғыл ыдыс

Ел қайтты риза боп тойы тарқап,  
Құттықтап алғыс айтты *баянды алқап*.  
Бұрынғы елінді ойлап, жарынды ойлап,  
Алдыңнан келдің десіп ақ жарылқап...

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*10. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Жаңа түскен келіннің сұлулығы қалай суреттеледі?
- Той қалай өтті?
- Тойда қандай ұлттық ойындар ойналды?
- Адамдар бұл тойдан қандай көңіл-күймен қайтты?

## ■ ОҚИМЫЗ

*11. Берілген жыр шумақтарын мәнерлеп оқыңыздар.*

Қодар қылыш суырды *малғұн* жынды,  
Қозекесі оңаша, көңілі тынды.

– Сен де өлдің, мен де өлдім, ей, Қозеке,  
Салып қап кеудесіне қарғып мінді.  
*Қанжары* кеңірдектен кетті кіріп,  
Ұстады жағасынан өлім *бүрін*.

Қозеке нашарланып құлап қалды,  
*Ақырет* жастығына кетті жүріп.  
Қан жуып *шұрқылтайдан* ақты жосып,  
Отырған ел ойбайладап, қашты босып.

Баян тұрып қылышпен шауып еді,  
Қодар барып жығылды *ажал тосып*.  
Өлгенде Қозы Қөрпеш – Баян да өліп,  
Қалыпты қайран жастар гүлі солып.  
Жастығына сүм Қодар ала жатқан  
Ісіне құдіреттің болар көніп.

Қодарды өртеп күл қылышпен ұшырса да,  
Шығыпты арасына *тікен* өніп.  
Екі ғашық ортасына *итмұрын* боп,  
Бүрленіп қабірінде өскен төніп.

## ■ СӨЙЛЕЙМІЗ

*12. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қозының өліміне кім кінәлі?
- Жырда Қозының өлімі қалай суреттелген?
- Қодар не себепті жығылып, жерге құлады?
- Жырдың соңы қалай аяқталады?
- Екі ғашықтың қабірінің ортасына не есті?

**қылыш** – болаттан істелген өткір жүзді қару  
**малғұн** – адамгершіліктен жүрдай, қайырымсыз, опасыз  
**қанжар** – белге байлап жүретін, қос жүзді үлкен пышақ  
**кеңірдек** – көмейден басталып, өкпемен үштасатын тыныс тұтігі  
**бүру** – қысу, тұңыштыру  
**акырет** – о дүние шұрқылтайдан  
**шұрқылтайдан** – бұғаның үстінгі жағындағы жұмсақ, ойық жер  
**ажал тосу** – өлім тосу  
**тікен** – өткір өсімдік, ине сияқты  
**итмұрын** – қысы-жазы көгеріп тұратын аласа бұталы өсімдік

## ■ ЖАЗАМЫЗ

13. Сөйлемнің жартысын кестенің сол жағынан (1), келесі жартысын оң жағынан (2) тауып, тұтас сөйлем құрыңыздар.

1.	2.
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», – деп	Қайғысын дүшпан көрсе жасырады.
«Сарыбайдан Баянды аламыз», – деп,	Қазақ, қалмақ бірлесіп хабарласып.
«Басынып елі-жұртым кетпесін», – деп,	Сөзінен Сарыбай ата танып еді.

14. Жырды әңгіме түрінде жазыңыздар.

Үлгі: Екі бай ат үстінде кеңес құрады. Олар әйелдерінің жүкті екенін айтты. Егер дүниеге біреуінде ұл, біреуінде қыз келсе, құда болуға сөз байласты.

---

---

---

---

---

## ■ ӨЗІНДІ ТЕКСЕР!

1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жазыңыздар.

Қайтарында досына \_\_\_\_\_ болды,

Баянды алып келсе, \_\_\_\_\_ болды.

Пұл аздық қып, күші жетіп \_\_\_\_\_,

Сарыбаймен шабысып \_\_\_\_\_ болды.

- 1) қоймақ, келмек, жүрмек, айтпақ
- 2) көрмек, білмек, салмақ, бармақ
- 3) жүре алмаса, ала алмаса, бере алмаса
- 4) келмек, көрмек, ала алмаса

2. Берілген үзіндідегі түсін қалған сөздерді көрсетіңіздер.

– Әуелі Баян жарың, анық еді,

Еліме құдалығым қанық еді.

Сөзінен Сарыбай ата танып еді.

- 1) «Басынып елі-жұртым кетпесін», – деп
- 2) «Қызымды жетім ұлға бермеймін», – деп

- 3) «Сарыбайдан Баянды аламыз», – деп  
4) «Сырт жақтан бала-шага көрмесін», – деп

*3. Асты сыйылған сөздің синонимін табыңыздар.*

Екі ғашық ортасына итмұрын бол,  
Бүрленіп қабірінде өскен төніп.

- 1) ескерген, еміренген
- 2) сыйлаған, құрметтеген
- 3) сүйген, жақсы көрген
- 4) жек көрген, ұнатпаған

## **МАЗМҰНЫ**

	<b>Тақырыбы</b>	<b>Беті</b>
1	Оқу және тіл дамыту кітабына кіріспе	3
2	Бесік жыры	4
3	Тұсай кесу	7
4	Беташар	9
5	Жұмбақтар. Жаңылтпаштар	12
6	Сауысқан мен көкек	19
7	Ұр, тоқпак!	21
8	Миғтік әнгімелер	27
9	Шешендік сөз. Дүниеде не тәтті?	33
10	Қазақтың дәстүрлі тыйымдары	35
11	Мақал-мәтелдер	39
12	Қазақтың бата сөздері	43
13	Кожанасырдың олжасы	46
14	Батырлар жыры. Алпамыс батыр	50
15	Қобыланды батыр	55
16	Қозы Көрпеш-Баян сұлу	60

221-4074

Ж.Қ.Тұймебаев  
Қ.Қадашева  
У.О.Асанова  
С.К.Омарова  
Б.Г.Ашықбаева  
А.И.Кұлмаханова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің  
Оқу және тіл дамыту кітабы.  
«Фольклор әлемі»  
(қарапайым деңгейге арналған)

Дизайнер  
Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі  
А.О.Әміржанова



Пішімі 60x84 1/8. Гарнитура «Times New Roman».  
Көлемі (шартты баспа табақ) 4,1. Таралымы 4000 дана.  
IntellService баспаханасында басылды.